



ПРЕЗИДЕНТ

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР ӨТЕ ӨЗЕКТІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, Терроризмге қарсы күрес басқармасының басшысы Владимир Воронковпен және БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің Терроризмге қарсы күрес комитеті Атқарушы директорлары Наталья Германмен кездесуі өтті.

Мемлекет басшысы Астанада өтіп жатқан Қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі Орталық Азия форумына қатысқаны үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының делегациясына алғыс айтты.

– Сіздер бұл форумға қа-

тысу арқылы аталған жиынға маңызды қолдау көрсетіп отырсыздар. Қазіргі әлемде болып жатқан оқиғаларды ескерсек, конференцияның күн тәртібіндегі мәселелер өте өзекті. Еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысын

толықтай қолдайды. Мен бұл жөнінде барлық халықаралық іс-шараларда үнемі айтып жүрмін. БҰҰ-ға мүше басқа мемлекеттердің бәрі Ұйым Жарғысында бекітілген қағида-даттарды мүлтіксіз сақтауы керек деп санаймын. БҰҰ – Қа-

зақстан үшін баламасы жоқ әрі әмбебап халықаралық ұйым. Ұйымға мүше елдердің әрқайсысы оның қызметін жетілдіру ісіне барынша үлес қосуға тиіс. Біз БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриштің қызметін жоғары бағалаймыз. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, оған ізгі тілегім мен сәлемімді жолдаймын. Қазақстанға келер болсақ, біздің тарапымыздан БҰҰ-ның кең ауқымды қызметіне жан-жақты қолдау көрсетіледі. Бүгінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесін реформалау қажеттігі туралы көп айтылып жүр. Бұл мәселе демократия қағида-даттарына сай егжей-тегжейлі талқылауға лайық деп санаймыз. Әрбір ел бұған өз үлесін қосып, пікірін айта алады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесу барысында аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ террористік қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл мәселелері талқыланды.

БҰҰ өкілдері Қазақстанның бұл саладағы күш-жігеріне жоғары баға беріп, еліміз БҰҰ-ның терроризмге қарсы күрес мәселесінде көшбасшылардың бірі екеніне назар аударды.

Владимир Воронков Астанада қауіпсіздік жөнінде Форум өткізудің маңызды екенін атап өтіп, бұл жиын диалог пен өзара сенімді қалпына келтіруге, ортақ шешімдер іздеуге арналған алаңдардың біріне айналғанын жеткізді.

АНТИ-ИНФЛЮЕНСЕР: ҚОҒАМДЫ САУЫҚТЫРАТЫН КҮШ

Жақында Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ақпарат саясатының тиімділігін арттыру, креативті индустрияны дамыту мәселелері туралы айтқан болатын. Президент қазір батыс елдерінде «анти-инфлюенсер» деген қозғалыс бірте-бірте қалыптасып жатқанын атап өтті.

Sp Биболат СӨТЖАН,
«Сыр бойы»

– Бұл қозғалыс интернет басылымдар арқылы азаматтарға, жастарға тарайтын барлық ақпаратқа, деректерге, әсіресе, жалған мағлұматтарға, яғни, fake news-қа зор күмәнмен қарайды, яғни адамдардың санасын жаулап жатқан, тіпті, оларға имандай сенуге болатын идеология секілді құбылыстарды жоққа шығарады. Біздің елімізде де жалған ақпарат тарататын басылым-сымақтар бар. Бұл – құпия емес. Олардың артында нақты қалталы адамдар, тіпті, ықпалды елдер бар. Ал жаңа қозғалыстың негізгі мақсаты – дәстүрлі құндылықтарды дәріптеу, ең алдымен, бұл әдебиеттегі, сондай-ақ ақпарат саласындағы дәстүрді сақтау, – деді Мемлекет басшысы.

Президент әлемде болып жатқан осы жаңа үрдіске назар аударған дұрыс екенін айтты. Себебі, бұл үрдістер бүгінде түрлі ақпаратпен идеологиялық тұрғыдан ұланып жатқан қоғамды сауықтыратын күшке айналуы әбден мүмкін.

Анти-инфлюенсерлер туралы айтпастан бұрын, инфлюенсер дегеннің өзіне тоқталсақ. Бұл ұғым бізге батыстан келген. «Ықпал ету» деген мағынаны білдіреді. Іс жүзінде бүгінде жарнама арқылы ақша тауып жүрген кез келген блогер инфлюенсер саналады. Сонымен инфлюенсер дегеніміз – өзіндік пікірі мен таңдауы адамдардың қызығушылығын оятытын ықпалды адам. Ал анти-инфлюенсерлер – әлеуметтік медиадағы осы ықпалды адамдармен проблемалық қарым-қатынасқа қарсы адамдар.

Себебі, олар желі қолданушыларының өміріне, белгілі бір қоғам назарын аударған жайттарға деген жұртшылық көзқарасына әсер етеді. Әлеуметтік медиа мен пайдаланушы мінез-құлқы саласында әзірге бұл мәселе бойынша нақты зерттеулер жоқ. Бірақ, әлемде инфлюенсерлер жыл сайын 14 млрд долларға жуық табыс табады және бұл көрсеткіш жыл санап өсуде. Сондықтан бұл салаға да мән беру маңызды.

4-бет

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Франция Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Эмманюэль Макронды және барша француз халқын Францияның ұлттық мейрамы – Бастилияны алу күнімен құттықтады.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен

Франция арасындағы сенімді саяси диалог пен өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастыққа негізделген стратегиялық серіктестіктің нығайып келе жатқанын атап өтті.

САРАП



Таяуда Ұлттық банк базалық пайыздық мөлшерлеменің 16,75 пайыз деңгейінде сақталатынын жария етті. Себебі инфляция айтарлықтай азаймай отыр. Шыны керек, былтыр желтоқсанда Ұлттық банк күтпеген жерден мөлшерлемені көтергенде қаржы мамандары тарапынан көп сын айтылған еді. Айналысқан бір жылдың ішінде «қымбатшылықпен күрес» деген желеумен ставка алты рет көтерілді. Биыл сол жеңілі ұстап тұрмыз. Алайда нәтиже бар ма? Алдағы уақытта қалай құбылуы мүмкін?

Салада жүрген экономистердің біразы қаржы реттеушінің бұл әрекетін ұнатпағаны рас. Ұлттық банктің уәжі баяғыдай, бар мәселені былтыр 19,6 пайызға жеткен инфляция үрдісіне сілтеп, амалдың жоғын алға тартты. Ең әуелі бұл жаңалық халықтың көңіл күйіне әсер етеді. Жұрт хабарға елендеп, «алда не болады екен?» деген ойда отыр. Пайыздық мөлшерлеменің жоғары болуын екі түрлі көзқараспен сараласақ болады. Оң нәтиже жақтары да көп екенін айтуымыз керек.

Sp Мадияр ТӨЛЕУ,
«Сыр бойы»

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ ТҮСПЕЙ ТҰР

ҚЫМБАТШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ҚАЛАЙ ӨРБУДЕ?

Ақыры Ұлттық банк базалық пайыздық мөлшерлемені жоғары күйінде сақтап қалды. Тағы бір уақыт қымбатшылықты бәсеңдетуге жұмыс істеуі тиіс. Бір қуанарлығы, жыл басындағы инфляция қазір 14,6 пайызға түсті. Осылайша Ұлттық банктің саясаты аздаған нәтиже берді. Бірқатар сарапшылар талап етіп отырғандай, осы азғантай жетістікке бола базалық мөлшерлемені қайта құлата салу қиынсыз көрінеді. Өйткені инфляцияның қай уақытта қанша пайыз қымбаттап кетерін ешкім де тап басып болмай алмайды. Оның үстіне ішкі сұранысты отандық өндіріс толық қанағаттандыра алмайтыны аян.

3-бет

ӨНІР ӨНІМІ

ӘРІ ШОКОЛАД, ӘРІ ҚҰРТ

Ұлттық тағамдарымыздың бір түрі – құрттың адам ағзасына пайдасы көп екенін білеміз. Кезінде әр үйдің дастарханнан, балалардың қалтасынан табылатын өнім қазір де қат емес. Бірақ бағасы қалтаға кәдімгідей салмақ. Оның түр-түрі де көп. Нағыз сапалысын, таза табиғи жолмен дайындалғанын табу қиын. Қызық дерекке қараңыз, елімізге құрт Өзбекстаннан әкелінеді екен. Осы деректі естіген қаламыздың жас тұрғыны Нұрсұлтан Қалмағамбет еш ойланбастан небәрі 15 мың теңгемен құрт жасап, сатуды бастап кетеді. Ол өзгелерден дәмі ерекше, балаларға ұнайтын түрлі-түсті және шоколад құрт өндіруді қолға алған.

Sp Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»



Кішкентай кезінен кәсіпке икемі бар жігіт 13 жасынан бастап ойыншық, балмұздақ жасап. Ал өткен жылдың басынан бері ұлттық өнімді заманауи түрге айналдыру идеясын іске асыра бастайды. Байқасыңыз, шоколадқа малынған жеміс түрі көп. Бұл қазір сұраныстағы өтімді

тауарға айналған. Нұрсұлтан да кәдімгі құртты шоколадпен көмкеріп, бір жыл бойына жаңа өнімді жасау үшін ерінбей еңбектенеді. Бір жасағаннан бола қоймайтынын түсініп, бастаған ісінің нәтижелі болуы үшін жалықпай ізденіп, оның дәмі мен түрін жетілдіре түседі. Ең бірінші шығарған өніміне отбасы мүшелері баға береді. Жақындарының қолдауын сезінген Нұрсұлтан осы кәсіпті бастап кетеді.

– Біздің өнім «Qurtella» деген атаумен шығады. Бастапқыда асүйде дайындалған құрт қазір шағын цехта әзірленеді. Қарамағымда 5 жұмысшым бар. Күніне 500 келі құрт өндіреміз.

Жарты сағатта 20 қорабын қалыпқа құйып шығарамыз. Бағасы қолжетімді, бір қорабы 390 теңгеден сатылады. Қазір Батыс, Оңтүстік Қазақстанмен келісім-шарт арқылы өнімдерді өткізудеміз. Енді Шығыс Қазақстан өңірімен іскерлік байланыс орнатуды жоспарлап отырмыз. Алда бұл кәсіпті кеңейтуді қолға алсам деймін. Шикізатты сатып алмай, оны да өзімізде өндіру үшін үлкен ферма ашқым келеді. Мемлекет тарапынан жас кәсіпкерлерге берілетін грантқа үміт артамын, – дейді Нұрсұлтан.

Қаламыздағы «Қызылорда оптом маркет», «Карамель», «Small» секілді супермаркеттерден «Qurtella» өнімдерін алуға болады. Облыстың аудандарына да жеткізу қарастырылған.



ПІКІР-ПАЙЫМ



Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Әділетті Қазақстан мен Адал азамат бір-бірімен сабақтас ұғым екенін айтқан болатын. Дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың өзара байланысы Мемлекет басшысы ұсынған қағидалар өзектілігін көрсетеді.

САБАҚТАС ҰҒЫМДАРДЫҢ СИПАТЫ

Қазіргі таңда танымал цифрлық платформалардағы этиканың сақталуы технологиялық мүмкіндіктер мен адамдық қасиеттер арасындағы қарым-қатынасқа жаңа көзқарасты қажет етеді. Өйткені әлеуметтік желілерде берілетін мәліметтердің барлығы қоғам игілігі үшін ұсынылмайды. Кейде әлеуметтік желілерде өз жұмысын жиі көрсететін азаматтар жазбаларын көргенде, олардың қай кезде жұмыс істейтінін түсіну қиынға соғады.

Адам бостандығы мен әлеуметтік-экономикалық теңдігін ілгерілететін цифрлық платформалардағы қолданушылар жауаптылығын қалыптастыру үшін мына қағидаларға мән беру қажет: кез келген ақпарат данышпандық пен кеменгерлікті білдірмейді; кез келген ақпараттың ашықтығы шынайылықты білдірмейді; қоғамда болатын жақындасу, ымыраға келу процесі тұтастықты білдірмейді; ақпараттарды өңдеп ұсыну пайымдау емес, ақпараттарды есте сақтау жады емес. Демек, әрбіріміз сандық қосымшаларды басқарудағы әдеттегі ойлау тәсілдерінен арылып, сыни ойлауға көшіміз керек. Бұл ретте еліміз үшін өз ісіне адал қарайтын азаматтар қажеттілігі байқалып отырғанын айтқымыз келеді.

Адал азамат қалыптастырудың бірнеше мәселелері бар деп ойлаймыз. Біріншіден, әлеуметтік күнжорік мәселесі. Бұл біздің өмірімізде күнделікті кездеседі. Әлеуметтік күнжоріктің дерттілігі мәселені зерттеу және ойлау бағыттарында ғалымдардың көп еңбегін қажет етеді. Біз алдағы уақытта бұл дерттен арыла аламыз деп үміттенеміз. Қазір қайшылықта жүрген қоғам мүшелерінің ниетін, қабілетін және қысыңыздығын бағалай алатын білімді азаматтар қажет. Жоғары оқу орындарында біз студенттерге заман құндылықтарын түсінуге көмектесеміз. Болашаққа ұмтылуда үрейден шегінбей, байсалдылық және креативтілікпен алға басуды үйретеміз. Университет аудиториясындағы тәжірибелік сабақтар талқылауында ашық шындықты студенттерден жасырсақ, даму бағытымыз өзгермейді.

Екінші мәселе халықаралық құқықты ұйымдастырумен байланысты. Мемлекеттер арасындағы кіші шиеленістерді болдырмайтын және үлкен даулардың алдын алатын саяси және экономикалық институттар әрекеттерінің маңыздылығы басым болмақ. Қиындықтар мен шиеленістерді қантөгіссіз, әділетсіз шешімдерді жою жолдарын табу міндеті тұр. Құқық шеңберінде адал азамат әлеуметтік қатынастардың әмбебап үлгілерімен тәжірибе жасауға мәжбүр болады. Институттардың және құқықтық эксперимент адамзат қоғамының барлық деңгейлері мен бөлшектерінде дамуы керек.

Үшіншіден, рухани кедейлік. Рухани байлық ол материалдық байлық емес, әлеуметтік игілігі аз кедейлік адамның рухани кедейлігін көрсетпей мүмкін. Қоғамды жайлаған сыбайлас жемқорлық – осы рухани кедейліктің белгісі. Біз бұл кедейліктің тереңдігі мен дәрежесін енді ғана түсіне бастадық. Әлеуметтік білім мен әлеуметтік әрекетті кеңейту серпіні – тек қоғамдық қана емес саяси мәселе. Егер біз қоғам дамуына ортақ қызығушылық танытып, қандай да бір шешім таппасақ, басқа деструктивті топтар өзге шешімдер табады. Рухани кедейлік біз ойлағаннан әлдеқайда күрделі. Бұл құбылысқа экономикалық кедейлік қосылса және байлардың кірістері өскен сайын, өкінішке қарай, саяси тұрақсыздықты күтуге болады. Осы себептерге байланысты біз білім беру саласында шұғыл түрде елдегі үкімет бағдарламаларына жүгінуіміз керек. Сондықтан көптеген адамдар үшін материалдық және рухани қолайсыздық қатар жүреді деп айтуымызға болады.

Төртіншіден, өмір сапасы. Жеке әлеуметтік қорғаныс, мүмкіндіктерді жіберіп алмау және ыңғайлылық үшін халық қалаларға көшуге ұмтылады. Жасыратыны жоқ, қала – өзінің табиғи күрделілігі, шексіз ойын-сауық нұсқаларымен адам туындатқан кереметтің бірі. Дегенмен, Мемлекет басшысының елорданы дамыту мәселелері жөнінде өткізген кеңестен көп ой туюға болады. Бұл мәселелер еліміздің өзге қалаларында бар қиындықтар. Ластанған ауа, қапырық көшелер, құқық-бұзушылық, жат мінезділік пен оны дамытатын ойын-сауықтың көптігі, кескінсіз және метастаздық өсім сапалы өмірдің көрінісі емес. Бұдан бөлек, ауыл тұрғындарының өмір сапасы терең талдауымызды қажет етеді.

Бесінші мәселе қоғамда кең таралған материалдық жағынан алауашылық пен кемсітушілікті жеңу жолдарын іздеумен байланысты. Бұл қоғам мүшелері арасындағы теңсіздікті үдете түсетіндігін ұғынуымыз қажет. «Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш баламен деп ойламайды» дегеннен құтылып, адам рухының бұл сырқатын жою керек. Өйткені алауашылық пен кемсітушілік бізге өзімізді құрметтеуді ұмыттырады, адам бостандығы тұжырымдамасының негізінде жатқан тең мүмкіндіктерге қайшы келеді. Халыққа жағу да – күрделі мәселе. Халық пен билік арасындағы диалог бағытын ел болып ілгерілетуіміз қажет.

Адал азамат қалыптастырудың осы бес мәселесі қоғам мен билік назарын аударуға лайықты деп ойлаймыз. Жеке мақтаншы пен оптимизмді қоя тұрып, адал азаматтарды тәрбиелеуге көшіміз қажет деп есептейміз. Бұл тұста ғылымда толық зерттеліп болмаған «әлеуметтік даналық» категориясына мән берген дұрыс секілді. Сондықтан атқарылып жатқан жұмыстарды тек есеп үшін жасауды, тарихи оқиғаларды теріс пайдалану, істеліп жатқан жұмыстың мазмұны емес әдісіне алаңдаушылық, құндылықтарды кемсіту секілді әрекеттерді тоқтату қажет. Осы құбылыстар қоғамдық дамудың ішкі және сыртқы мәселелерін күрделендіреді.

Жастарға биліктің үміті пен сенімін дұрыс жеткізе алмасақ, адамның болашақ мүмкіндіктерін дәйектей алмасақ, барлық әрекеттеріміз маңыздылығын жоғалтады. Бұл бағытта жастарды адал азамат болуға ұмтылдыру, қоғамдық істерді басқаруға үйрету күн тәртібінен түспейтін анық. Біз жастарға алдымызда тұрған ең жоғары міндеттерімізді айқындап беруіміз тиіс. Жасалатын жұмыстың әдісі абсолютті түрде ұқыпты, қисынды, шынайы болуы керектігін, бірақ, жұмыс мақсаты тұтастық, түпкі ой және ниетпен ұштасуын айтуымыз қажет.

Сөз соңында Адал азамат ұстанымының мына қағидаларын ұсынамыз: «Біз ел дамуының мұраттарына жалғыз, көппен де ұмтылатын боламыз, қоғамдық борыш сезімін жандандыруға күш саламыз, мемлекет заңдарын құрметтеп, бағынатын боламыз, елімізді бізге тапсырылғаннан кем емес, үлкенірек, жақсырақ және әдемі етіп береміз».

Мұрат НАСИМОВ,
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

ӨРКЕН



Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

ҚАЗАЛЫ: ҚАРҚЫН ҮДЕМЕСЕ, КЕМІГЕН ЖОҚ

ӨТІМДІ ӨНІМДЕР

Қазалыдан Ресей, Белоруссия, Дания, Германия, Тәжікстан, Қытай, Нидерланд елдеріне өнім экспортталады. Бір мысал, былтыр ауданнан 2823 тонна күріш, 557 тонна балық өнімдері, 614 тонна қамыс жөнелтілген. Қазалының қара қауыны да, «Қазалы» атымен бренд болып қалыптасқан конфет пен сабын да жұртқа жақсы таныс.

Ауданда 19 кәсіпорын өнім өндіру және қызмет көрсетумен айналысады. «РЗА» АҚ, «Қамқорлокомотив» ЖШС-ның «Қазалы локомотив жөндеу зауыты» және «Қазалы вагон жөндеу депосы» филиалы, «LCI-MK» ЖШС Қазалы филиалы, «Сыр маржаны», «Қазалы Жолшы», «ҚазалыТеміржолжылжу» серіктестіктері өз міндетін атқарып келеді.

Шағын және орта кәсіпкерлік саласында 6600-ге жуық кәсіпкер тіркелген. Аудан кәсіпкерлері 20,7 млрд теңгенің өнімін өндіріпті. Жыл басынан бері дәл осы салада 22 ғимараттың құрылысы басталып, бесеуі іске қосылған. Қолдау көп. Быыл да кәсіпкерлерге қаржы ұйымдары тарапынан 126 жобаға 1 млрд теңге несие және грант берілді.

Сондай-ақ «Ауыл аманаты» жобасы бойынша ауданға қарасты барлық ауылдық округтен қуны 1 млрд 780 млн болатын 240 жоба жинақталған.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА АЛУАН ІС БАР

Қазалы халқы күріш өсірумен қатар, жер қарықтап, бақша егеді. Былтырғы Астана қаласындағы жәрмеңкеде ауданның қауын-қарбұзы көптеп сатылды. Быыл да 6500-қағарға жуық Сыр салысын сеуіп, суға бастырған. Жалпы егіс көлемі – 17347 гектар. Оның ішінде бақша дақылдарынан бөлек, арпа, бидай, малазықтық және картоп, көкөніс тұқымын жерге тастапты.



БІЛІМ

ТҮЛЕКТЕРГЕ ДИПЛОМ ТАБЫСТАЛДЫ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті 2022-2023 оқу жылының қорытындысын жариялады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында университетінің басқарма төрағасы-ректоры Бейбітқұл Кәрімова хабарлады.

Айдар САЙЛАУОВ,
«Сыр бойы»

Жыл бойы жиналған жағымды жаңалық білім қарашауырағында жетерлік. Быыл оқу орны алғаш рет өлемнің үздік университеттер қатарына енген. Британдық QS рейтингісі бойынша ТОП-1201-1400 орынды иеленді. Қазақстанның 129 ЖОО арасынан 21 университет түрлі позицияда орын алған. 2022 жылы Азияның үздік университеттерінің ТОП-551-600 (570-орын), сондай-ақ ҚР ТОП-10 үздік университеттерінің қатарында 7-орында.

Оған қоса, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өткізген Білім беру бағдарламалары Ұлттық рейтингісінің қорытындысы бойынша ТОП-10-ға кіретін университеттік БББ саны жыл сайын артып келеді (2020 жылы – 5 БП; 2021 жылы – 8 БББ; 2022 жылы – 9 БББ).

Сонымен қатар, университеттің Оңтүстік Кореямен халықаралық байланысы кеңейді. Корея Республикасы үкіметінің қаржыландыруы есебінен Сеул ұлттық ғылым

Облыстық «Үлгілі елді мекен» байқауында жүлделілер қатарынан көрінген Қазалы ауданында 78 мыңға жуық халық бар. Былтыр жылдың жартысын еңсерген аудан тіршілігінің даму қарқыны жоғары. Жағымды жаңалық көп.

Иә, құрылғанына 95 жыл толған ауданның тарихы ілгеріде. Қала статусы бар Қазалының іргетасы 1853 жылы қаланды. Ал орта ғасырда Оғыз мемлекетінің астанасы болған Жанкент – облыс аумағында

орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштердің ең көрнектісі.

Шығысында Қармақшы ауданымен, оңтүстігінде Өзбекстан мемлекетімен, батысында айдынды Арал, солтүстігінде Қарағандымен шектесетін Қазалы егін және мал шаруашылығымен айналысады. «РЗА» АҚ, «Сыр маржаны», «Жалаңтөс батыр» ЖШС мен «Ақмаржан», «Мерей» сияқты көптеген шаруа қожалықтары табысты жұмыс істеуде.

Облыс әкімінің тапсырмасымен жеке тұрғындарға да бақшалық жер берілген. Оны дайындауға жергілікті ірі шаруашылықтар қолдау көрсеткен. Быыл жоспардан тыс 130 гектар жерге картоп, көкөніс егілді. 260 адам ұжымдасқан түрде дала төсінде еңбек етіп жүр.

Сондай-ақ ауданда төрт түлік басында өсім бар. Одан шығар өнім де ұлғайған. Мемлекет қолдауымен атакәсіппен айналысқандардың жобалары қаржыландырылған. «Агробизнес», «Іскер» мемлекеттік бағдарламасымен 22 шаруашылық барлығы 110,4 млн теңге несиеге 226 бас мал сатып алынды. Ал былтыр мал басын көбейтіп жүрген қожалықтарға 941,9 млн теңге субсидия берілген.

Жалпы жыл басынан бері 6 шет мемлекетке 450 тоннаға жуық күріш, 341 тонна балық және 570 тонна қамыс экспортталған. Оған қосымша былл аудан орталығында «Жанкент-Агро» серіктестігінің күріш өңдеу зауыты іске қосылады деп жоспарлануда. Онда ішкі өнім көбейіп, жұмыс көзі ашылады әрі экспорттың да әлеуеті артап ма?!

ҚҰРЫЛЫСҚА ДЕМ БЕРГЕН

Ауданда білім мен спорт саласына жеке инвестиция тарту жұмыстары артқан. Мысалы, Әйтеке би кентіне жеке қаражат есебінен спорт кешені, Қ.Пірімов ауылында 95, ал Ақтан батыр ауылында 90 орындық балабақша салынабақ. Сонымен қатар, аудан орталығында аз қамтамасыз етілген отбасылар үшін 50 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы да басталады. Бұған бюджеттен 480 млн теңге қаржы бөлінген.

Әйтеке би кентінде 250 орындық мектеп құрылысы және «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Жанқожа батыр ауылынан 300 орындық мектеп құрылысы басталады. Бұдан бөлек, «Ауыл – ел бесігі»

жобасымен Қ.Пірімов ауылындағы мектепті күрделі жөндеу үшін бюджеттен 208 млн теңгеден астам қаржы бөлінді.

Қазалыда өткен жылғы өтпелі құрылыстардан бөлек, былл 8 жоба бар. Бұған 3 млрд теңге қаралған. Жаңадан басталған ғимараттың көбісі елді мекендерде салынууда. Бозкөл, Абай, Кәукей ауылында дәрігерлік амбулатория, Жанқожа батыр ауылында 300 орындық мектеп, Әйтеке би кентіндегі көлемі 180 гектар жер учаскесіндегі тұрғын үйлерге сервистік ауысу желісін тарту және Ғ.Мұратбаев ауылынан жаңадан ашылған кварталды инженерлік инфрақұрылыммен қамту жұмысы жүрмек. Ал былтыр Қазалы қаласы мен үш ауылды «өгілдір отынға» қосқан құрылыс қуанышы былл Абай елді мекенінде жалғасады. Газ желісінің құрылысын бастау үшін бюджет есебінен 41,1 млн теңге бөлінген.

Елді мекен арасындағы жолды жөндеу, күтіп ұстау маңызды. Быыл да бюджет қаражатымен аудандық маңыздағы автожолдарды жөндеу үшін 3 жобаға 1,2 млрд және жалпы ұзындығы 30 шақырым болатын 52 көшені жөндеуге 1,1 млрд теңге қаралыпты. Мысалы, аудандық маңызы бар Ғ.Мұратбаев ауылына кіреберіс, «Қазалы-Кожабакы-Бозкөл-Кәукей», «Кожабакы-Бекарыстан би» бағытындағы автомобиль жолы түзелмек. Ал жалпы қуны 3 млрд теңге болатын «Бозкөл-Тасарық», «Бекарыстан би-Шөмішкөл», «Қазалы-Коларық-Бекарыстан би-Жаңақұрылыс» және Лақалы мен Жанқожа ауылына кіреберіс жолдарды жөндеуге бюджеттік өтімін берілген.

Бұдан бөлек, «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде аудан орталығы Әйтеке би кенті, Ү.Түктібаев және Ғ.Мұратбаев елді мекенінде көшелер жөнделеді, оған 670 млн теңгеден астам қаржы қаралған.

Қазалы ауданы



АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫНА АЙНАЛҒАН АЗАМАТ

Бүкіл қазақ еліне танымал асыл азамат, мемлекет және қоғам қайраткері, Сыр елінің біртуар перзенті, дарабоз тұлға Бердібек Машбекұлы Сапарбаевтың өмірден өткеніне, міне, қырық күнге таяп қалды.

Елге пана, ініге аға, үлкенге қимас іні бола білген тау тұлғалы азаматтың өмірден кейінгі өткені кеудеге өкніш ұялатады. «Беу, дүние-ай!» дегізген сол өкніш көмейді көміп әлі тұр. Алайда жүйрік уақыт бір сәт тоқтаған ба? Сол зыр қағып зырылдаған уақыт әні-міне дегенше, қайырсыз барды. Өйткені уақыт адамзаттың еншісінде емес.

Бердібек Машбекұлының ойламаған жерден болған ауыр қазасы Сыр елі азаматтарының санасын сансыратып кетті. Аяқастынан келген қаралы хабарды естіген жұрт аспан айналып, қара жер қақ айырылғандай күй кешті. Ауыр қазаны естіген елдегі ағайындар хабарды еңселері езіле, қабырғалары қайыса қабылдады.

Ол тек Сыр елінің емес, барша қазақтың қадірлісі болды. Оны соңғы сапарға аттандырған сәтте анық байқадық. Қаралы топтың ортасында сансыз ой кешіп тұрып, дана Абайдың «Өлді деуге бола ма, айтындаршы, өлмейтуғын артына сөз қалдырған» деген даналығы ойға оралды. Шынымен, «біздің Бекең өлген жоқ» деген ойға келдім. Оның іспен де, сөзбен де артына өшпестей із қалдырғанын, елдің қадірлісіне айналғанын қаралы жыныға жиналған қалың қауымның қарасынан сезіндік. Сол сәтте Бекеңнің биік бейнесі Толағайдай толымды, Алпамыстың болымды көрінді. Бұл асыра сілтеп айтқан сөзім емес, шындығым осы.

Оның әрбір айтқан уәзірін өзі Жиренненің сөзінендей кеудеге қонымды еді. Әлі де талай асыларды бағындыратын берендей берік азаматты өлімге кім қиған? Беймезгіл сәтте ажалдың жасыны тиіп, өмірін киіп түседі деп кім ойлаған?! Бекең адал еңбегімен елін биікке көтерді. Сол адал еңбегі арқылы өзі алты Алаштың аңыз азаматына, ардақтысына айналды. Еліміз тәуелсіздік алған тұста, егемендіктің іргесін қаласқан тұлғалардың бірегейі болды. Ауырдан қашпады, қиындықтан қаспады. «Не істеймін?» деп жоғарыға жалтандамады, босандық танытпады. Дауыл мен жауынға қарсы жүрді. Иығына артқан ауыр жүкті қайыспай көтерді, ауыртпалық шақта көлеңке іздеп отыратын жай таңдамады. Өйткені оның мойнында ел тағдыры, адамдар тағдыры тұрды. Жеткен жетістігіне көңілі толмады, халқының қамын жеп кеудесін мұң торлады. Бұның барлығы

Алашқа деген жанының тазалығы еді. Қайтсем халқыма қорған болам деп ой орманын аралады. Сөйтіп беріле, ерінбей еңбек етті. «Халқым – бағым, елім – арым, туған жер – барым» деп жансебілдікпен жұмыс жасады. Абырой да, атақ та өзі іздеп келмейді. Бәрі адал еңбектің, төккен тердің, қара бейнеттің арқасында келеді.

Бердібектің ірілігі ісінде еді. Еліміздің тәуелсіздігі тұғырына қонған кезеңде, жұмыссыздық жайлап, күнкөріс төмендеген қиын шақта 1995 жылдың қыркүйек айында Бердібек Машбекұлы туған жері Қызылорда облысына әкім болып келді. Ол кісі жастық жігермен, жалынмен, күш-қайратымен тынбай жұмыс жасап, өңірді тығырықтан алып шығудың оңтайлы жолдарын қарастырды. Сыр бойының әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңаша ізденістер арқылы жол іздеп, жаңқиярлықпен еңбек етті.

Бұл біз көріп-білмеген нарықтық кезеңнің алғашқы ауыр тұсы еді. Бекең өзіне артылған сенімнен шығу жолында намыспен, қайсарлықпен, күш-тарлықпен, жарғақ құлағы жастыққа тимей жұмыс жасады. Өзі басқарған жылдар ішінде жаңа істердің көзін ашып, білімі мен біліктілігінің арқасында Сыр елін ауыртпалықтан алып шыға білді.

Менің Бердібек Сапарбаевпен таныстығым ол Сыр өңіріне әкім болып келгеннен басталды.

Ол кезеңде Қызылорда халқын нан өнімдерімен қамтамасыз ететін «Береке нан» акционерлік қоғамның директоры қызметінде болатынын. Елімізде небір алып зауыттар мен іргелі комбинаттардың жұмыстары тоқтап тұрған шақ. Мемлекетте жекешелендіру саясаты жүріп жатқан. Жарсыратыны жоқ, «Қызылорда теміржол су жүйесі», қаладағы сүт зауыты, басқа да ірі кәсіпорындар мен комбинаттар жекешеленді дегенге өз басым сенгенім жоқ. Бірақ, сол кездегі саясаттың ұстанымы осындай болды. Бекең елге келісімен өз кабинетінде бір сәт те отырмай, мекемелерді, кәсіпорындар мен өндіріс орындарын үздіксіз аралап, олардың бойына қан жүгіртіп, тіршілік жасау шарасын бірден қолға алды.

Бір күні Бердібек Сапарбаевқа кіріп біздің мекеменің хал-жағдайы мен атқарып жатқан тірліктер жайлы баян еттім. Содан соң жекешелендіру жайлы ой қозғап, өндіріс орнын 3 жыл мерзімге сенімді басқаруға беруге болатыны



жөнінде ой-пікірімді, ұсыныстарымды жеткіздім. Сол кезде байқағаным, Бекең мені өбден тындап алды. Содан соң аса сабырлықпен, ыждағаттықпен, п а й ы м - п а р а с а т п е н ұсыныстарыма оң пікірін білдірді. Ол кісінің бойында адами қасиеттің зор екенін аңдадым. Барлық жағдайға аса түсіністікпен қараған басшыны алғаш рет көрдім.

Осыдан соң көп ұзамай, облыс басшысының кезекті аралауының реті біздің мекемеге келді. Бекең алдымен мекеме жұмысымен, тыныс-тіршілігімен кеңінен танысты, цехтарды аралап көрді. Еңбек адамдарымен кездесті. Өте керемет жылы күздесу болды. Еңбек адамдары ол кісімен емінеркін сөйлесіп, ашық дискуссия орнатты. Аймақ басшысы олармен емен-жарқын тіл табысып, қиыншылық кезеңде сабырлы болуға шақырды. Өндіріс орнының жұмысына көңілі толып, оң бағасын берді. Ісімізге сөзгілік тіледі. Біздің ұжымның еңбек адамдары ол кісінің жанашырлығын, жүрегі жұмсақ жан екенін көпке дейін ауыздарынан тастамай айтып жүрді. «Біз мынадай кішіпейіл басшыны өмір бойы көрген емеспіз» деген ояларын да жазырмады. Бекеңнің бойынан қазақилықтың жылы лебі есіп тұрғанын көпшілік сонда сезген еді, білген еді. Жұртшылықты кең пейілімен баурай білетін мұндай азаматтар қатары бүгінде бәлкі, аз да шығар.

Бекеңнің тапсырмасы бойынша өзіміздің сол кездегі министрлікке жаңа жабдықтар алуға бір жетіге іссапармен кеттім. Ол жақта

да жекешелендіру мәселесі қозғалып, түсінейтін жақтарды сұрап-біліп, қолға тиген жабдықтармен елге қайттым. Елге келсем, облыс әкімінің бірінші орынбасары Серікбай Нұрғисаев іздеп жүр екен. Бірден ол кісінің шақыртуымен кіріп мән-жайды білдім. Сөйтсем, мекемені 3 жылға сенімді басқаруға бермейтін болыпты. Содан «Береке нан» АҚ аукционға шығатынын айтты. Енді сол кездегі саясаттың талабы солай болғандықтан оған не айтасың? Көңбеске амал жоқ, саясатқа қарсы шыға алмайсың.

Менің сол мекемеде қызмет еткенім 20 жылдан асқан болатын. Директор болып істегенімнің өзіне 10 жылдан асқан. Сонымен еңбек демалысына арызымды жазып, орнымды босатып беруге тура келді. Саясаттың заңы солай, ешкімге ренжуге болмайды. Еңбек демалысынан кейін бірнеше ай өтті. Бір күні сол кездегі облыс әкімінің ауыл шаруашылығы жөніндегі орынбасары Аппаз Кәмішев телефон соқты. Сөйтсем, облыс әкімі Бердібек Сапарбаев өңір халқын азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету жоспарын құруда менің ұсыныстарымды, пікірімді, жоспарымды сұрап отырты. Ол кезде «Береке нан» АҚ құрамына Аралдағы нан зауыты, қаладағы мақарон өнімдерін шығаратын фабрика қарайтын. Бұл жөнінде өз ой-пікірімді, ұсыныс-жоспарымды 5-6 бет етіп қағазға түсіріп бердім. Облыс әкімінің орынбасары мен берген ұсыныс-жоспарды алып Бекеңе кіріп кетті.

Арада біраз уақыт өткен соң мені облыс әкімі қабылдады. Сұрақтар қойып, пікір алмастық. Берген жауабым, істегі жұмыс тәжірибем арқылы құрған жоспарым көңіліне ұнаған болуы керек. Бекең сонда:

– Сіздің еңбегіңізді бағалаймыз. Мемлекетке салық төлеу жайы бізге қиын соғып жатыр. Сондықтан осы сала бойынша алдағы уақытта біз арнайы мекеме ашқалы отырмыз. Соған сізді басшы етіп қоймақпыз. Ол осы өндіріс бойынша салықты төлеу жолдарын ұйымдастыратын болады. Сіз соған басшылық жасайсыз. Көп ұзатпай жауабын береміз, – деп шығарып салды.

Айтқандай көп ұзамай мекеме ашылып, соған басшы болып бардым. Барысымен жұмысты жолға қойдым. Арада 8 айдай уақыт өткеннен кейін облыс әкімі Бердібек Сапарбаев өзіне шақырып алды.

– Сіз мына жаңа жұмысты бір арнаға түсірдіңіз. Оныңызға көп-көп рахмет! Енді сізге жаңа бір жұмысты тапсырып келіп отыр. Қолыңыздан іс келетінін көрсеттіңіз. Сіз келіссеніз, мен сенім хатымды беремін. Қазір Алматыға ұшуыңыз керек. Алматыда «Харрекейн» компаниясы бас кеңсесі бар, соған барасыз. Бас директорымен кездесіп хатты бересіз де, сонымен бірігіп жұмыс жасайтын боласыз. Ол жұмыстың негізгі мақсаты – көктемгі, күзгі егіс кезінде жанар-жағармаймен облыстың ауыл шаруашылығы саласын қамтамасыз етіп отыру. Осыған қалай қарайсыз? – деп жүзіме қарады.

Келісімді беріп, сол күні Алматыға ұшып кеттім. Бұл жұмысты 6 жылға жуық атқардым. Осы мекеме арқылы облыстың барлық аудандардағы ауыл шаруашылығы құрылымдарын жанар-жағармаймен қамтамасыз етіп отырды.

Бір байқағаным, Бердібек қолынан іс келетін азаматтарды өте қатты бағалай білетін. Әсіресе, қарапайым еңбек адамдарына аса мән беретін.

Осындай қиын кезеңдерде ол кісімен бірге жұмыс жасағанымды өзім мақтан тұтамын. Ол өте білімді еді. Өмірі қолынан кітап түспей, білім-білігін ұштап отыратын. Ұтымды ұйымдастырушы, елжанды, ұлжанды, іскер басшы бола білді. Соның арқасында Қызылордадан өзге 4 облысты басқарды. Басшы болу оңай, ал елді басқару оңай шаруа емес. Бекең ақырын жүріп, істің нүктесін дәл баса білетін басшы еді. Мен айтар едім, Бердібек Сапарбаев осы іскерлігінің арқасында әкімдердің көш-басшысы бола білді. Ол соншымен қатарына сыйлы, әріптестерінің алды болды.

Кемел ақылдың кені еді.

Мына фәни жалғанда небір жақсы, аяулы азаматтармен кездесіп жолығып жүрміз. Осы ғұмыр-тіршілікте ел жүрегінде есімі жатталып, көңіл төрінде өшпестей таңбаланып қалатын азаматтар болады. Сондай дара тұлғасымен ел есінде мәңгі сақталып қалатын азаматтың бірі Бердібек Машбекұлы Сапарбаев екені анық.

Бекең қайтқаннан кейін сүйікті жары мен баласы елге келіп, Құран оқытқан аста сөз алған мемлекет және қоғам қайраткері, балық шаруашылығының білгірі, ардақты ағамыз Құдайберген Саржанов «Бердібек – бес облысты басқарған азамат. Жасыратыны жоқ, кілең оттың ортасында жүрді. Тоқыраған тұста Сыр аймағында істің көзін ашып, кәсіпке тың жол тапты. Тіршілігі тұралаған көрші аймаққа барып, кетеуі кеткен елдің бетін түзеді. Шығысқа барғанда құлағанын тұрғызды, ойығын жамады, суға кеткенге тал қарматпай демеді, жебеді. Жамбылға келгенде керіскен елді тезге де, жөнге де салды. Сондықтан Бекеңе «Еңбек ері» атағы берілсе» деген ұсынысы айтылған жерде қалмаса дейміз.

Шығыс жерінде елді қызыл судан құтқарып, демеу бола білген Бердібек Машбекұлы сол шығысқа өзімен бірге ұлы Абайды да алып барғанын біреу білсе, біреу білмес, бәлкі. Бұл жайында жерлес жампоз ақын Бақытжан Абызов «Абай ақынның Өскеменге келуі» атты жыр жолында Бердібектің еңбегін ерекше атап өтеді.

– Ана тілім босағаға

енді бе,

Артқа тастап жаутандаған

сәттерді.

Көк байрақты әкім балаң

Бердібек,

Төрге оздырды және рухты

ап келді,

– деп әкімнің руханиятқа деген адалдығын Бақытжан ақын аспандата, асқатата жығса қосы еңбектің шынайы бағасы деп білеміз. Ендеше аты жырға айналған, ардақтыға айналған тұлғаның құрметтелуі өте орынды.

Шүкір, Аллаға! Артында ұйысқан отбасы, бауырлары, бала-шағасы қалды. Олар Бекеңнің нар тұлғасын төрге оздырғанына сенеміз! Жаны жаннатта болып, Алланың нұрына, Пайғамбардың шапағатына бөленгей! Абзал азаматтың рухы ел-жұртың желпегбегей!

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы,
«Құрмет» орденінің иегері, Шиелі ауданының, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ ТҮСПЕЙ ТҰР

Сондықтан жоғары мөлшерлеменің бола тұрғаны қажет. Базалық мөлшерлеме деңгейін кез келген уақытта қолдан түсіруге болады, ал қымбатшылықты олай тоқтата алмайсыз. Экономист Бауыржан Ысқақов та бұл сөзімізді растап отыр.

– Ұлттық банктің базалық мөлшерлемені 16,75 пайыз етіп ұстауы экономикадағы ахуалдың қиын екенін көрсетеді. Кейінгі кездегі валюта бағамының тұрақсыздығы, инфляциялық толқындар Ұлттық банкті осындай шешім шығаруға мәжбүр етті. Бұндай кезде несиелер қымбаттайтыны анық. Сондықтан адамдар ақшаны аз жұмсап, инфляцияны тоқтатамыз деген теорияға сүйенеді. Іс жүзінде бұның бәрі – ел экономикасының импортқа тәуелділігінің салдары. Мен себеп ретінде халыққа қажетті азық-түліктен бастап, тұрмыстық заттарға дейін сырттан келуін айтамын. Үкімет пен Ұлттық банк бірлесе кешенді жоспар құрып, импорт мөлшерін азайтуға тырыспайынша, инфляция жалғаса береді. Қазір бізге бәрінен бұрын отандық өндірушілердің үлесі көбейгені қажет, – дейді маман.

Базалық мөлшерлемені төмендетуге Ұлттық банк басшылары қарсы емес екенін талай айтқан. Тек ахуал мұрсат бермейді. Биыл инфляция төмендеп келе жатыр, дегенмен тым жоғары қарқынмен емес. Тауарлар мен қызметтер бағасының қалай құбылғаны жайлы нақты дерек жыл соңына қарай шығады. Айтпақшы, күзде коммуналдық қызмет ақысы да көтеріле бастайды. Себебі,

былтыр Президент Жолдауында айтылғандай, коммуналдық нысан иелері жөндеу жұмыстарын істеуі тиіс, ол үшін мемлекет коммуналдық қызметтің құнын көтеруге рұқсат етті. Коммуналдық қызмет бағасының да инфляцияға әжептәуір үлес қосатыны белгілі. Осы факторды ескермейінше базалық мөлшерлемені түсірудің ауылы алыс секілді. Жыл соңында инфляцияның деңгейі белгілі болғанда ғана базалық мөлшерлеме туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматов екінің жартыжылдықта базалық ставканы төмендету мәселесін қарастыратынын өзі де айтып жүр. Бас банкирдің таяудағы сөздерінен түйгеніміз, төмендетуге қатысты аздаған ықтималдылық бар. Мәселен, 2023 жылдың мамырында жарияланған Ұлттық банк талдауына қарасақ, бағаның біртіндеп төмендей бастағаны байқалады. Биыл мамырда тамақ өнімдері бағасының өсімін атап өткен респонденттер үлесі төмендеген, бірақ өзге тауарлар бағасының өсімін айтқандардың үлесі шамалы артыпты. Негізінен жанармай және байланыс, жолаушылар көлігі бағасының қымбаттағаны аңғарылған. Жалпы айтқанда, тұтынушылық көңіл-күй көтерілген.

Дегенмен қымбатшылыққа қарсы күресуді Үкімет пен Ұлттық банк алдына міндет етіп қойып отырғанда, базалық мөлшерлемені таяуда төмендетеді дегенге сену қиын. Ғ.Пірматов осыған дейін «біздің жаңартылған болжамымыз бойынша, 2023 жылы инфляция 11-14 пайыз, 2024 жылы 9-11 пайыз және 2025 жылы 5,5-7,5

пайыз болады» деген. Сондықтан алдағы уақытта инфляция төмендей беруі тиіс, бірақ базалық ставка емес.

НЕСИЕ ПАЙЫЗЫ НЕГЕ ТҮСПЕЙДІ?

Базалық мөлшерлеменің пайызын төмендету ұсынысын айтып жүргендердің дәйекті уәжі бар. Себебі аталған пайыз жоғары болған сайын, несие пайызы да жоғарылап, кредит алу қиындайды. Мәжіліс депутаттары көтеріп жүргендей, несиенің пайызын азайту бұндай жағдайда мүмкін емес. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей,

доллардың да базалық мөлшерлемесі көтерілуде. Еуро да былтыр осы тәсілді қайталады. Мұны ең негізгі жұмыс – инфляцияға қарсы күрәл ретінде пайдалануда. Алайда бұған қарсы пікір айтушылар жетерлік. Соның бірі – экономист Мақсат Серәлі.

– Жалпы, базалық ставканы өсіру инфляцияны тоқтататын құрал емес. Өйткені әлемдік нарықта қымбатшылық қарқын алды. Қазақстанда инфляция өршімес үшін ел өзінің ішкі нарығын толық қамтамасыз етуі керек. Өкінішке қарай, біз тек 30 пайызын қамтамасыз етеміз. Сондықтан инфляция, көрші елдердің экономикалық саясаты

немесе доллар бағамының көтерілуі болсын – бәрі тікелей мемлекетімізге әсерін тигізбек. Соның ішінде баға саясатына ықпал етеді. Қазақстан ішкі нарығын ең кем дегенде 60-70 пайыз мөлшерінде қамтамасыз етуі қажет. Сол кезде ғана инфляциялық тұрақтылық пайда болар еді. Алдағы уақытта оған жетуіміз күмәнді, – дейді ол.

М.Серәлінің айтуынша, базалық мөлшерлемені көтеру бір-ақ нәрсеге ғана ықпал етпек. Шағын және орта бизнеске арналған несиелер пайызының көтерілуіне әкеп соқтырады. Одан соң экономиканы тежейді. Кәсіпкерлер мемлекет беретін субсидияны алуға ғана көшеді. Ал мемлекеттің қаражаты оның бәріне жетпейді. Мәселен, «Даму» қоры арқылы берілетін 6 пайыздық несиелерге бизнес өкілдері ағыла бастайды. Сондықтан бұл жерде ең өзекті мәселе – несие пайыздарының қымбаттауы. Жағымды жағы – депозиттердің мөлшерлемесі өседі.

Ұлттық банк қатаң ақша-несие саясатын 2021 жылдың шілдесінде бастағаны есімізде. 9 пайыздан 9,25 пайызға көтерген болатын. Содан бері деңгей тек өсумен келеді. Мамырда да, осы жолы да 16,75 пайыз мөжесін сақтады. Базалық пайыздық мөлшерлеме бойынша келесі шешімді Ұлттық банк 25 тамызда қабылдайды. Алайда аса бір пайыздардың құбылуын көрмеуіміз мүмкін, осы қалпында тағы қалса да таңғалмаймыз. Өйткені қымбатшылыққа уақытша тежеу сол ғана болып тұр. Ал ішкі өндіріс бүгін-ертең көркейе қояр сынай танытпай тұр.





АНТИ-ИНФЛЮЕНСЕР: ҚОҒАМДЫ САУЫҚТЫРАТЫН КҮШ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ ӘСЕРІ

Әлеуметтік медиа ғасырында желідегі қарым-қатынас көптеген проблемаларға әкелуі мүмкін. Мысалы, «Conversation» журналы жүргізген зерттеуге сәйкес, парасоциалды қарым-қатынас, яғни, ықпалды адаммен біржақты байланыс желі қолданушыларының әл-ауқатына да әсер етеді.

Мемлекет басшысы әлеуметтік желідегі жұмыстың маңыздылығы туралы бұған дейін де бірнеше рет айтқан болатын. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылы Қазақстан халқына арнаған Жолдауына арқау болған бағыттардың бірі.

– Қазір адамдар үшін дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары емес, әлеуметтік желі негізгі ақпарат көзіне айналған. Салдарынан адамдар жалған мәліметке жиі тап болып, шынайы ақпарат жетіспей қалады. Сол себептен «тыңдай алатын мемлекет» тұжырымдасына көшу, яғни халықпен тікелей онлайн байланыс орнату қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Дегенмен, әзірге билік орган-

енді әлеуметтік норма емес» деген екен. Себебі, әлеуметтік медиа көптеген адамдар туралы жеке ақпаратты қолжетімді етті. Бірақ, бұл Үкімет жұмысын жүйелеуге, азаматтық қоғамды дамытуға қалай әсер етеді?

Бір жағынан, әлеуметтік медиа мемлекеттік істерге қоғамның қатысуы үшін тегін платформа ұсынады. Сондықтан технологиялардың дамуы азаматтарға ел саясатына араласуына мүмкіндік береді деген пікір басым. Әлеуметтік желілер пайдаланушыларды бір-бірімен байланыстырады, әртүрлі қауымдастықтар құруға көмектеседі. Азаматтарға мемлекеттік қызметтердің маңыздылығын жеткізуде шешуші рөл атқара отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы процестерді неғұрлым түсінікті қылады.

Әлемдегі бес елдің төртеуі азаматтармен қарым-қатынасты ілгерілету үшін әлеуметтік медиа мүмкіндіктерін пайдаланады. Мұндай құралдардың тиімділігі туралы ешқандай статистика болмаса да, азаматтардың желідегі жаппай наразылығы биліктің жаңа саяси

ТАЯҚТЫҢ БІР ҰШЫ

Бірақ, таяқтың екі ұшы болатыны секілді, мұндай сөз бостандығының қоғам үшін де, мемлекет үшін де қауіпті тұстары жетерлік. Айталық, әлемде Дональд Трамп секілді өзінің Twitter аққауының саяси ахуалға әсер ету тәсілі ретінде пайдаланатын саясаткерлер көп. Бүгінде әлеуметтік медиа стратегиялық саясат үшін жаңа мәселелер тудырып отыр.

Цифрлық қызметтердің кеңеюі жұртшылықтың әлеуметтік жауапкершілігі мен саяси белсенділігін арттырады. Бірақ көптеген мемлекеттер технологиялардың, атап айтқанда, ақылды медианың азаматтардың саяси көзқарасына әсер етуінен қорқады. Кейбір елдерде Facebook, Twitter және WhatsApp сияқты танымал әлеуметтік желілер цензураға ұшырайды. Қытай, Оңтүстік Африка және басқа да елдер әлеуметтік медианы реттейтін заңдар қабылдауда.

Себебі, желі арқылы азаматтар мемлекеттік саясатқа қатысты заңдылығы расталмауы мүмкін ақпаратқа жылдам қол жеткізеді. Мысалы, бұдан бірнеше жыл бұрын австралиялық интернет-журналист, WikiLeaks сайтының негізін қалаушы Джулиан Ассанж АҚШ дипломатиясына қатысты құпия материалдар жариялаған болатын. Онда АҚШ-тың барлау қызметінің жеке адамдарға тыңшылық жасауы, биліктің жоғары эшелондағы жемқорлық, әскери қылмыстар секілді құпиялар қызу талқыланды.

2011 жылы әлеуметтік медиа Мысыр, Тунис және Ливиядағы «араб көктемінде» маңызды рөл атқарып, сол елдердегі наразылық білдірушілерге ақпарат алмасуға және өз үкіметтері жасаған заңсыздықтарды өшкереулеуге мүмкіндік берді. Бұның аяғы жаппай көтерілістерге әкелді. Дегенмен, халық демократия жолындағы күресте жеңіп шықты деп айту қиын. Мысыр мен Ливия соңғы жылдары саяси тұрақсыздық, ішкі лаңкестік, басқа да ірі дағдарыстармен бетпе-бет келуде. Араб көктемін тудырған әлеуметтік медианың әсері бұл саяси жүйелердің автократиядан демократияға айналуына мүмкіндік бере алмады. Қалай десек те, Таяу Шығыс пен Араб түбегі жаһандағы тұрақсыздықтың мекеніне айналды.

Әлеуметтік желідегі жаппай наразылық толқынын елеулі деңгейде тағы мысалы – Бразилия. Елде 2013 жылдың маусымында халық көшелерге шығып, қоғамдық көліктегі жол жүру ақысының қымбаттауына наразылық білдірді. «Тропикалық көктем» деп аталған бұл толқулар бірнеше айда басылса да, Бразилияның саяси билігіне ауыр және жойқын әсер етті. 2016 жылдың аяғында президент Руссеффке импичмент жарияланып, Бразилия өз тарихындағы ең ауыр рецессияны бастан кешірді.

«Араб көктемі» елдеріндегідей, Бразилияда да әлеуметтік желілерді пайдалану экономикалық жағдайдың жақсаруына әкелмеді. Ел депрессияға түсіп, жұмыссыздық 12,6%-ке дейін өсті.

Цифрлық дезинформация арқылы сайлау нәтижелерін өзгерту, саяси жүйені шайқау сияқты әлеуметтік медианы бүгін бір елді тұрақсыздандыру үшін жалған жаңалықтар таратуға қолданудың мұндай жағдайлары өте көп. Бірақ әлеуметтік желі үкіметтің өз азаматтарының қажеттіліктерін анықтау, мемлекеттік қызметтерді дамыту үшін пайдалана алатын қуатты технологиялық құрал болып қала береді. Сондықтан билік әлеуметтік медианы электрондық қызметтерді жетілдіріп, халықпен ынтымақтастыққа саясат жүргізу үшін пайдаланылуы керек.

КӨШПЕНДІ ТҰРМЫСТЫҢ ТӨЛ ТУЫНДЫСЫ

Ерте кезеңнен көшпелі тіршілікте өмір сүрген қазақ халқына киіз үй өте қолайлы баспана еді. Ескінің шежіресін жадына тоқыған ғалымдар оның екі мың жылдан астам тарихы бар екенін айтады. Киіз үй бір жерден екіншісіне көшкенде тігу мен жығуға өте ыңғайлы. Қысқасы, ұлан-ғайыр даланың арғы-бергі қиырына қоныс аударып үйренген қазақ халқы үшін одан асқан баспана жоқ еді.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»



Ашығын айтсақ, қазір қазақ елінде оны жасайтын адамдар, яғни үйшілер кемде-кем. Рас, кезінде алтын-қолды шеберлер аз болған жоқ. Тіпті кешегі ұлттық ұстынымыз ұмытыла бастаған кеңестік кезеңде де Қазақстанда киіз үй жасайтын арнайы кәсіпорындар жұмыс істеді. Қазір ше? Олардың барлығы да көзден ғайып болды.

Тоқсаныншы жылдарға дейін Сыр өңірінің Жаңақорған ауданында үйшілікке көңіл бөлінді. Аудандағы Қалғансыр елді мекенінде киіз үй жасалған еді. Қазір сол адамдардың барлығы жұмыссыз. Болмаса күнделікті күйбенмен түрліліктің басқа түрлерін кәсіп етіп жатыр. Ал біз болсақ, киіз үйді сырттан сатып алуға мәжбүрміз. Әрине, «кісідегінің кілті аспанда» болатыны тағы да белгілі. Қарақалпақ жерінде жасалатын киіз үйлердің ең арзаны 3 мың АҚШ долларынан кем емес.

Биыл Түркия жерінде болған зілзала кезінде ел тұрғындары алыстағы ағайынға көмек ретінде киіз үй жіберу жөнінде ойласқан еді. Сол кезде оны жасайтын кәсіпорындар елімізде жоқтың қасы екені белгілі болды. Бұл жөнінде Берік Саймағанбетов өз ойын былайша білдірді.

– Рас, киіз үйді қарақалпақ ағайындардан ұдай бағаға сатып алатын болдық. Біз үшін ол тек мейрамда керек дүние секілді. Жаз айларында ішінде тынығудың өзі керемет емес пе?! Жалпы, оны туризм саласында пайдалануға әбден болады. Біріншіден, шетелден келген меймандар біздің ұлттық байлығымызды бағалайды. Екіншіден, біз осы арқылы өзіміздің ұрпағымызды тәрбиелей аламыз. Үшіншіден, бүгінгі күні саны азайып бара жатқан алтын қолды шеберлерден көп нәрсені үйреніп аламыз. Киіз үй біздің ұлтымыздың бренді емес пе? – деді ол.

Өкініштісі, оған қазір ешкім көңіл бөліп отырған жоқ секілді. Бір ғана киіз үйдің босағасынан шаңырағына дейінгі бөлшектерінің жүзден астам атауы бар екен. Қазіргі уақытта 500-ден астам мақал-мәтелді сөз мәйегіне айналдырыпты, яғни киіз үйді зерттейтін болсақ, талай-

талай томға айналар еді. Рас, бүгінгі ұрпақ киіз үйді ұлттық мейрам кезінде ғана көреді. Сондықтан олар ішіндегі бұйымдары жайында мардымды бірден айта қоюы екіталай. Тағы да айта кетерлігі, киіз үй бөлшектерінің қандай ағаш түрлерінен жасалатыны жөнінде бүгінгі буын түгілі, орта жастағы адамдардың өздері де жөнді ештеңе біле бермейді. Осылай кете берсе, ертеңгі ұрпақ ата-бабасының баспанасын тек интернет пен теледидардан ғана көретін шығар.

Киіз үйдің сүйегі кереге, уық, шаңырақ пен есікті үйшілер арнайы жасайды. Олардың айтуынша, үйенкі мен талдан дайындалады. Ал киіз үйдің ағаш есігі мен есіктің маңдайшасы, табалдырық және өзге бұйымдарына самырсын ағашы көдеге жаратылады. Қызығы, киіз үйге шеге қолданылмайды. Тіпті оның құрамында сына да болмайды екен.

Сырдария ауданындағы қолөнер шебері Сәдуақасов бұл жөнінде:

– Менің аталарым да аймаққа белгілі ұста адамдар болды. Оны Теренөзек манайындағы жұрт өлі де жақсы біледі. Олар кезінде киіз үй жасаумен де айналысты. Бұл тіршілікке өзім де көңіл бөлдім. Өкініштісі, қазір киіз үйге қажетті шикізат ұдай бағаға сатып алатын болдық. Біз үшін ол тек мейрамда керек дүние секілді. Жаз айларында ішінде тынығудың өзі керемет емес пе?! Жалпы, оны туризм саласында пайдалануға әбден болады. Біріншіден, шетелден келген меймандар біздің ұлттық байлығымызды бағалайды. Екіншіден, біз осы арқылы өзіміздің ұрпағымызды тәрбиелей аламыз. Үшіншіден, бүгінгі күні саны азайып бара жатқан алтын қолды шеберлерден көп нәрсені үйреніп аламыз. Киіз үй біздің ұлтымыздың бренді емес пе? – деді ол.

Ата-бабаларымыз алты қанат, он екі қанат ақшаңқан киіз үйлерді ақорда деп айтатын. Ардақты мұрамыз арқылы ұлтымыздың дүние-танымды қалыптасты. Қазір ғаламдық деңгейде жаһандану жүріп жатқан уақытта біз ұлттық ұстынды сақтап қаламыз десек, осындай құндылықтарды өз деңгейінде бағалай білгеніміз абзал. Өркеніетті өмірдің көшіне ілескен елдер де өзінің өткенін өзге жұртқа еспеттеп көрсетіп жатады. Біз ше? Әзірге осы жағы олқы соғып тұрған жайы бар...



дарында халықпен және бизнеспен тиімді коммуникация жүйесі енді қалыптасып келеді. Азаматтармен тікелей және кері байланыс орнату үшін тұрақты алаңдар жұмысы толық жолға қойылмай отыр. Атқарушы органдар онлайн режимде желідегі пікірталастарға қатысып, халық пен қоғамның сұрақтарына жауап берудің орнына, жекелеген танымал блогерлермен жұмыс жасауға бейім. Ал танымал блогерлер белгілі бір мағынасында инфлюенсерлер десек те болады.

Жалпы, инфлюенсерлердің теріс ықпалы қоғам өмірінің барлық саласында бар. Айталық, блогерлер талай жылдан бері ұмыт болған қаржылық пирамиданың жандануына себеп болды. Желі арқылы елдегі түрлі әлеуметтік жағдайларды өз ыңғайына бұрмалап, оған ұлтаралық рең беріп, елге жалған ақпарат таратқан блогерлердің іс-әрекеті үлкен трагедияларға әкелген жағдайлар да бар. Соның бір дәлелі – Қордай оқиғасы.

2020 жылдың ақпанында бүкіл елді Жамбыл облысының Қордай ауданында болған оқиға дүр сілкіндірген еді. Тұрмыстық кикілжің жаппай тәртіпсіздікке ұласып, он бір адам көз жұмды. Жағдайдың бұлай ұшығуына бірден-бір себеп расталмаған ақпараттың желі арқылы тез тарауы болатын.

САЯСИ ӨЗГЕРІСТЕР ҚҰРАЛЫ

Facebook-тің негізін қалаушы Марк Цукерберг 2010 жылы «Құпиялылық

шешімдер қабылдауына әсер етеді.

Мысалы, елімізде биліктің 2017 жылдың қаңтарында уақытша тіркеуге байланысты бастамасы сынға ұшыраған еді. Көші-қон заңнамасына түзетулер күшіне еніп, жылжымайтын мүлік иелерін өз үйлерінде тұрып жатқан адамдарды дереу тіркеуге міндеттеді. Ал бір айдың ішінде тұрғылықты мекен-жайға уақытша тіркеліп үлгермеген азаматқа 10 айлық есептік көрсеткіш, яғни 25 мың теңге көлемінде айыппұл салынатын болды.

Азаматтар бұл талапқа дайын болмағандықтан, көпшілік әлеуметтік желіде наразылық танытты. Алғашында Үкімет бұл реакцияны елемеді. Алайда ашу-ыза күшейген соң, шара қолданып, уақытша тіркеуді жеңілдету үшін жаңа қызметті енгізді.

Әлеуметтік медиа дұрыс пайдаланылған жағдайда мемлекеттік саясаттағы осындай өзгерістерді бастаудың тиімді құралы бола алады. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін пайдаланылуы мүмкін. Қазақстан сияқты дамушы елдерде сыбайлас жемқорлық көбінесе төлемдердің ашықтығы жоқ мемлекеттік қызметтермен байланысты.

Бұл мәселеде Ұлыбритания тәжірибесі назар аударуға тұрарлық. Ұлыбританияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы инновациялық орталығы бірнеше мүдделі тараптарды, соның ішінде азаматтық қоғамды, құқық қорғау органдары мен технология сарапшыларын біріктіріп, олардың неғұрлым ашық қоғам құру үшін жұмыс істеуіне жағдай жасаған.

БРИФИНГ

СУДА САҚТЫҚ КЕРЕК

Облыстың су айдындарында азаматтардың әртүрлі себептермен қайғылы жағдайларға ұшырауы, оның ішінде суға түсу маусымында адам қазасының көбеюі өзекті мәселе болып отыр. Жыл басталғалы облыс аумағындағы су айдындарына 20 адам суға кеткен. Оның 15-і ересек адам болса, қалғаны – балалар.

Айдар САЙЛАУОВ,
«Сыр бойы»

Қайғылы оқиғалардың негізгі себептері – қауіпсіздік ережелерін өрескел бұзылуы. Атап айтсақ, адамдардың өзен немесе каналдардың кез келген әрі зерттелмеген (ағысы жылдам, терең, жағалары тік жар) жерлеріне суға түсуі, спирттік ішімдік ішіп суға түсуі, ересектердің бақылаусыз балалардың су жағасына баруы мен суға түсуі. Жүзе білмегендігі, балық аулау кезінде қауіпсіздік шараларының сақталмауы да оқыс жағдайға ұрындырып жатады.

Сол үшін де «Суға шомылу маусымы кезеңіндегі қауіпсіздік шараларын

ұйымдастыру туралы» рейдтік үгіттеу жұмыстары тынбай жүргізілуде. – Рейдтік іс-шара барысында облысымыздың су айдындарында, демалатын орындарда 480 рейд өткізіліп, 33 мыңнан астам адамға судағы қауіпсіздік ережелері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ұнпарақтар таратылды.

Сонымен қатар облыстық полиция департаментімен бірлесіп, суға шомылу маусымы кезеңінде ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 364-бабы бойынша 72 адамға ескерту шарасы көрілсе, осы кодекстің 412-бабы бойынша 1 адамға айыппұл салынды және аталған кодекстің 440-бабы (Алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу) бойынша 2625 азаматқа әкімшілік шара көрілді.

Балық шаруашылығы инспекциясының қызметкерлерімен бірлескен, облыс көлеміндегі профилікациялық жұмыс барысында азаматтардың заңсыз балық аулауы бойынша 180 дерек тіркеліп, 1857100 теңге айыппұл салынды, – деді төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы, подполковник А.Тоғызбаев.

Ұзақ Еспановтың туғанына 95 жыл



Ақын Асқар Тоқмағамбетов: «Жыл өтіп жатты, Қазақстан күн санап өсіп жатты. Қазақстанның сол шарықтауын көріп ақын шабыты қайта көтерілді.

– Сүйем сені, құшағыңда өсемін, Гүлдене түс, шалқып Қазақстаным.

Сені жырлап, сені ән қылып өтемін, Өзің берген өр қаламды ұстадым.

Осы шумақты жаза отырып, Ұзақ көп ойланды. Бұл өлеңім мүмкін газетке де шығар. Сонда оқып көргендер «Өзің қосқан үлесің қанша? Басқаның табысына мақтанғанда, өз қолхозыңды дұрыста» десе, не демекпін?! Онсыз да әр жиналыс сайын «ұялған өлімнен бетер» деп ылғи бұғумен, басымды малақайға тығумен қайтамын. Кейбір күндер өтініш беріп шықсам қайтеді деген ойға да келем. Бірақ коммунист, аудандық партия комитетінің бірінші секретары өзі шақырып алып сөйлеспеді ме? Онда «мына Қазақстанның 20 жылдығы атындағы колхоз артта қалды. Осыны көтеріп алға шығаруға жараса, сен жарар деп саған тоқтадық» дегенде, «Партия маған сенсе, мен сенімді ақтармын» дегенім қайда? «Мен басқара алмадым, басқа адам жібер» деп айтуға қалай ожданым шыдайды деп қалып қойған.

Біреуден озып, біреуден қалып жүргенде 1969 жылы екі колхоз бірлігі «Мәдениет» совхозы болды. Ұзақ соған директор болып қалып қойды. Ол өзінен-өзі: «Жігіт, енді ойлан» деді. «Бұрын майдасының жүр едің, енді іріленіп кетті. Іріге ірі турау керек болар: – Болғанмен қанша қызық бала күнің, Жыртығы жөңделмеп ед балағыңның.

Енді сен ауыр жүкті көтерсін деп, Үстіңе артты жүгін жаңа күнің...

Бұл шумақты жазғанда ойлану, толғанıp жазды. Өйткені, совхозда 700 жұмысшы, 500-ден аса шаңырақ бар.

Ұзақ соған сеніп отыр. Сонымен қатар клуб та, сегізжылдық мектеп те, кең отырып кеңес өткізетін кенсе де болып қалды. Өмірі көрмеген машиналардың да басы көріне бастады. Тұрып басытын, жүріп басытын қамбай, жалпағынан түсіретін жатқа дейіс бе? Желдеткіш, суырығыш, дән тасығыш, айтуейір әр саланың механизмінің бәрі дайын. Осының арқасында совхоз 1969 жылы 2300 гектардан 42 центнерден күріш алды» деп жазыпты.

Журналист Құттыбай Сыдықтұң мақаласында Ұзақтың еңбекшілігі мен қоғамшыл қасиеттері суреттелген.

«Әрине, Ұзақтың ауыл шаруашылығына судай сіңіп, тастай батып кеткенін жақсы

білеміз. Тастай батып, судай сінбесе, оған Еңбек Ері атағын берер ме еді? Қызылорда облысында әрқайсысы 3,5-4 мың гектардан күріш егіп, гектарына 50-55 центнерден өнім жинаған және мемлекетке жылма-жыл 160-200 мың центнер күріш тапсыратын үш-ақ шаруашылық болды. Оның бірі – «Тернөзек» күріш совхозы, екінші – Н.Лиясов атындағы шаруашылық, үшіншісі – «Мәдениет» совхозын осы Ұзақтың басқарып еді, тым ірі еді.

«Ой-бой-ау, Исеке-ау, (сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Исатай Әбдікәрімовті айтады) осы біздің де райисполкомға председателе болатын кезіміз болған жоқ па» депті деген қанатты сөз ел аралағаны қашан.

Күнім күнге, түнім түнге алмасып, Тірлік-ғұмыр бара жатыр жалғасып.

Бірде асығыс, бірде тыныш күй кешем, Өмір-теңіз толқынына жармасып, – депті бір өлеңінде Ұзақ аға. Рас қой. Адам бойындағы еңбекшілік пен қоғамшылдықты ұнататын ақын жүректі Ұзақтың жалғасып жатқан тірлік ғұмырында жалына жармасып өмір-теңіз толқынында тапқаны да, қолына ұстағаны да көп азамат» делінген онда.

Ақын Тұманбай Молдағалиев Ұзақтың сапарлас болғаны туралы сыр шертіп, өлеңдеріне баға беріпті.

Ақынның «1961 жылы шілде айында тұңғыш рет Мәскеуге жол тарттым. Кеңестің демалысымды Мәскеуді, Ленинградты көруге арнадым. Қызылордадан өткенде бір станциядан орта бойлы дембелше, қызыл жүзді жігіт ағасы біздің вагонға, күпеге кеп кірді. Біз екеу-ақ едік. Ерлі-байлы кісі оңаша болғанды қалайтыны белгілі. Емін-еркін бір күпенің иесі болып келе жатқан біз күпеге есігінен еркіндеп кірген қазаққа құшағымызды жая қоймағанымыз өзінен-өзі түсінікті, әрине.

Дегеннен келген адам өзі мені сөзге тартты. Шүйіркелесіп сөйлесіп кеттік. Әңгіме не жұмыс істейсіңнен басталды.

– Өлең жазамын, – дедім мен.

– Фамилияңыз?, – деді көршім. Мен фамилиямды айттым.

– Үш Молдағалиевтің қайсысыңыз? – деді көршім жымып.

– Тұманбай боламын, – дедім мен.

Менің көршім әдебиетті біраз оқып жүретін кісі болып шықты. Қызылорда облысы Жалағаш ауданының оқу ісін басқарады екен. Мәскеуге бір айға білімін жетілдіруге бара жатыр. Екі тәуліктен артық бірге болдық. Ішімдіктің де әртүрін татып көрдік. Мен сол жылы осы Ұзақ Еспановқа іні боп, ол маған аға боп, Қазан

Екі ғасырдың күегері, Сыр бойының мақтанышына айналған ауыл шаруашылығының майталманы, Еңбек Ері Ұзақ Еспанов Алла тағаладан дарын дарыған айтулы тұлға болатын.

Ағамыз жайлы кезінде қазақ әдебиетіндегі сатира жанрының негізін қалаушылардың бірі, ақын Асқар Тоқмағамбетов, Халық жазушысы Тұманбай Молдағалиев, белгілі ақындар Қомшабай Сүйенішов, Рысты Бекбергенова, Файзулла Омаров, Бексейіт Шайланов, Мырзамұрат Илиясов, жазушылар Нәсірадин Серәлиев, Айжарық Сәдібеков, журналистер Байжігіт Әбдіразақов, Құттыбай Сыдықов, Қазі Данабаев, Тұрсынбай Тәшенов үлкенді-кішілі шығармалар жазған еді.

ЕҢБЕК ЕРІ ТУРАЛЫ ТОЛҒАМ

вокалында қоштастық. Менің көп жылдар бойы Қызылордаға жолым түспеді.

Жылдар өз дегенін істеді. Ұзақ аға осыдан екі жыл бұрын еңбек демалысына шығыпты. Жақында бір келгенде қымсына тұрып маған бір топ өлеңін тапсыратын үш-ақ шаруашылық болды. Оның бірі – «Тернөзек» күріш совхозы, екінші – Н.Лиясов атындағы шаруашылық, үшіншісі – «Мәдениет» совхозын осы Ұзақтың басқарып еді, тым ірі еді.

«Ой-бой-ау, Исеке-ау, (сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Исатай Әбдікәрімовті айтады) осы біздің де райисполкомға председателе болатын кезіміз болған жоқ па» депті деген қанатты сөз ел аралағаны қашан.

Күнім күнге, түнім түнге алмасып, Тірлік-ғұмыр бара жатыр жалғасып.

Бірде асығыс, бірде тыныш күй кешем, Өмір-теңіз толқынына жармасып, – депті бір өлеңінде Ұзақ аға. Рас қой. Адам бойындағы еңбекшілік пен қоғамшылдықты ұнататын ақын жүректі Ұзақтың жалғасып жатқан тірлік ғұмырында жалына жармасып өмір-теңіз толқынында тапқаны да, қолына ұстағаны да көп азамат» делінген онда.

Ақын Тұманбай Молдағалиев Ұзақтың сапарлас болғаны туралы сыр шертіп, өлеңдеріне баға беріпті.

Ақынның «1961 жылы шілде айында тұңғыш рет Мәскеуге жол тарттым. Кеңестің демалысымды Мәскеуді, Ленинградты көруге арнадым. Қызылордадан өткенде бір станциядан орта бойлы дембелше, қызыл жүзді жігіт ағасы біздің вагонға, күпеге кеп кірді. Біз екеу-ақ едік. Ерлі-байлы кісі оңаша болғанды қалайтыны белгілі. Емін-еркін бір күпенің иесі болып келе жатқан біз күпеге есігінен еркіндеп кірген қазаққа құшағымызды жая қоймағанымыз өзінен-өзі түсінікті, әрине.

Дегеннен келген адам өзі мені сөзге тартты. Шүйіркелесіп сөйлесіп кеттік. Әңгіме не жұмыс істейсіңнен басталды.

– Өлең жазамын, – дедім мен.

– Фамилияңыз?, – деді көршім. Мен фамилиямды айттым.

– Үш Молдағалиевтің қайсысыңыз? – деді көршім жымып.

– Тұманбай боламын, – дедім мен.

Менің көршім әдебиетті біраз оқып жүретін кісі болып шықты. Қызылорда облысы Жалағаш ауданының оқу ісін басқарады екен. Мәскеуге бір айға білімін жетілдіруге бара жатыр. Екі тәуліктен артық бірге болдық. Ішімдіктің де әртүрін татып көрдік. Мен сол жылы осы Ұзақ Еспановқа іні боп, ол маған аға боп, Қазан

білетіні, «Ұзақтың айтыпты» деген кісіні күлкеге қарқ қылатын ауызекі әңгімелері ғана. Асылы, біз білетін Ұзақтың бала мінезді, аңқылдаған ақкөңіл адам.

Біз білерде ел басқарған санаткерлердің құрметті еңбегі демалысына жаманаттан абырой арқалап кеткендері тым сирек. Ұзақтың еңбек жолын аяқтап, аудан орталығына көшкенде кейбіреулердің дүние-жиһаз арқалап кеткен жоқ, абырой-атаққа кенеліп кетті. Елден ерекшеленіп үй де салдырмаған. Біле-білгенге оның мұнысы да – үлгі! Оның жиган қазынасы – атқөпір кітаптар. Қазақ тілінде шыққан жанына жақын газет тігінділері» деп толғаныпты жазушы Айжарық Сәдібеков.

Қазі Данабаевтың мақаласында:

«Иә, өмірден өткен ұлағатты ұстаз қайда бар десеніңіші?! Уақытты ілгері жылжытқан қызу тіршіліктің қалың ортасында жүріп Ұзақтың де іс тәжірибесі толыса бастады. Көңілге түйген көп ойлары жылдар өткен сайын жүзеге асуға бет бұрған еді. Өнім молшылығын жасаудың басты көздерін күріштік жерлерді инженерлік жүйеден өткізу, ауыспалы танаптарын тиімді пайдалану мен су көздерін ашуға деп білген басшы осы бағыттағы нақты шараларын іс жүзінде асыра бастады. Соның нәтижесінде қос қолхоздың негізінде құрылған «Мәдениет» совхозы аудан көлемінде ілгерілеп, озат шаруашылықтардың біріне айналды» деген жолдар бар.

Ал ақын Қомшабай Сүйенішов Ұзақтың ақындығы туралы сыр шертеді.

«Өлеңді қойманыз. Анда-санда болса да, қолыңыз қалт еткенде тиіп-қашып ойға келген айшықты жолдар мен шумақтарды қойын дәптеріңізге түргізіп жүріңіз, – деймін мен ақын ағама.

– Жұмыс бастан асады. Уақыты құрғыр жетісе бермейді, – дейді әкім ағам күмілжіңкіреп. – Күні-түні гүлдеп жататын қонақ-қопсы тағы бар. Шетінен дәу, шетінен дәукей... Құда-жекжатындай қол қусырып, құрақ ұшпасақ болмайды...

– Ертең өкінетін бола-сыз. Зейнетке шыққанда қолыңызға қалам ұстамасаныз маған келіңіз. Құдай о баста ақын ғып жаратқан адам қарап отыра алмайды, – деп мен де тақымдап қоймаймын. Ұзақтың үндемейді. А-а деп желкесін қасиды, әрі-сөрілеу беймәлім жымыған болады.

Әйтеуір, менің айтуымда кемдік болған жоқ. Кездескен сайын қайта-қайта қадап есіне саламын. «Кешігесіз, өкі-несіз» деймін шабытын жадымың келіп. Ара-арасында: «Оттағасыңызға жағдай туғызып, өлең жаздыртыңыз» деп

үнемі сыпайы жымып тұратын сабырлы Дәмеш жеңме де базына айттам.

Койшы, сонымен енді болмағанда поэзиядан алаңсыз қара үзуге қарыс-сүйем қалған Ұзақтың зейнеткерлікке шыққаннан кейін қасиетті өлеңмен қайта ауырып, қайта табысты. Денсаулығының шептігіне қарамастан, таңды-таңға ұрып бұрқыратып жазып жатты. Зәуқайым үйіне соға қалсаң, қысқа амандық-саулықтан соң бұдыраған қолжазбаларын алдына жайып қойып, өлең оқиды. Қоянсуіек, қағылез де аңқылдақ ағамның баяғыларын несіне бетіне салып қылып жатайын, үңсіз құлағымды түрермін.

Ал, Ұзақ Еспанов – ақын. Үйреншікті машық емес, атаның қаны, ананың сүтімен келген сүйекке сіңісті, туабытты қасиет. Өлеңіндегі азын-аулақ келдір-бұдыр мен техникалық селкеуліктерді жиырма бес-отыз жылға созылған үзілістен деп білу керек.

Өнерде жас, жасамыз деген ұғым жоқ. Бәрі де адам бойындағы Құдай берген қабілетке, талантқа байланысты. Бір басна жетерлік қабілет-қарымы бар. Ұзақтың талғампаз оқырмандардың көңілінен шығатын талай жыр жинақтарын беретініне мен сенемін депті ақын өз жазбасында.

Бүгінгі жас ұрпақ Ұзақты, Ұзақ Еспанов жайлы тереңірек білуі үшін өз қолымен жазылған өмірбаянын жариялаудың артықшылығы бола қоймас.

«Мен Ұзақ Еспанов 1928 жылы қазіргі «Мақпалкөл» ауылында тудым. 1944 жылы осы шаруашылықта колхозшы болып жұмыс атқардым. 1947 жылы 10 класты бітіріп, Қызылорда пединститутының қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне оқуға түсіп, оны 1951 жылы, Қазалы ауылшаруашылық техникумын 1963 жылы сырттай оқып бітірдім.

1951-1953 жылдар арасында «Қызыл Октябрь», «Бірінші Май» мектептерінде мұғалім, директор болып қызмет атқардым. 1953 жылдың наурызынан 1963 жылға дейін Жалағаш аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі, 4-5 ай райкомда бөлім меңгерушісі, 1963 жылдың наурызынан «Қазақстанның XX жылдығы», Жамбыл атындағы колхоздың басқарма төрағасы, 1969-1991 жылдар аралығында «Мәдениет», «Қазақстанның Ленин комсомолы» атындағы совхоздардың директоры болып қызмет атқардым.

1991 жылы дербес зейнетпен аяқталып шығып, 1992 жылдан аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасымын.

1953-1960-1978 жылдары өткен республика мұғалімдерінің, 1976 жылғы Қазақстан Компартиясының XIV съезіне делегат болып қатыстым. 1953 жылдан аудандық, облыстық партия комитеттеріне мүше болып сайландым. Конференцияларға делегат болып 1992 жылға дейін сайланып келдім. КСРО, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің құрмет грамотасымен наградталғанмын.

1974 жылдан Жалағаш поселкесінің, 1998 жылдан Жалағаш ауданының Құрметті азаматымын. «Астана», «ҚР Конституциясына 10 жыл», «Тәуелсіздіктің 10 жылдығы», еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін «Тыңға 50 жыл», «Жеңістің 60 жылдығы» медалдарымен наградталдым. «Сыр күрші – ел ырсы», «Өрелі өзгерістер», «Көңілім

көктем» атты кітаптардың авторымын. Облыстық «Боздақтар» кітабының алқа мүшесімін, Жалағаш ауданы бойынша бөлімінің авторымын. Журналистер одағының мүшесімін» деп жазыпты.

Өмірде небір жапа адамдар болады. Олардың жүріс-тұрысы, адамдармен қарым-қатынасы, сөйлеген сөзі есінде ұзақ уақыт сақталып қалатыны даусыз. Мен білетін сондай азаматтың бірі Социалистік Еңбек Ері Ұзақ Еспанов ағамыз еді. Көп жыл бір ауданда еңбек еткен соң ағамызбен ағалы-інідей болып кеткен едік.

Ол жылдар бойы «Мәдениет» және «Қазақстанның Ленин комсомолы» атындағы совхоздарға басшылық жасады. Облыста бірінші болып мемлекетке 100 мың центнер күріш тапсырудың бастаушысы болды, күріштен тау тұрғызды. Аты ауылдан асып ауданға, одан облысқа, одан республикаға дейін жетті. Мемлекетке күріш тапсырудағы тамаша табысы үшін 1973 жылы Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Халық оны батыр Ұзақты, ақын Ұзақты дейтін.

Замандастары: – Совхозыңыз бай, өзіңіз де байсыз ғой, – дегенде.

– Менің байлығым жан-жарым Дәмеш екеуіміздің өмірге әкелген сегіз баламыз ғой, – деген екен.

Сол айтқан балалары – егемен еліміздің сан салалы шаруашылықтарында еңбек етіп жүрген салықалы азаматтар.

Ол кімге болса да шағын түсіріп, жақсылық жасағысы келіп тұратын. Әңгіме арасында «Алла берген абыройын қайтып алмасын» деген сөзді үнемі айтып отыратын.

Ұзақтың зейнеткерлікке шыққандан кейін 17 жыл бойы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып қоғамдық жұмысқа белсене араласты. Осы кезең ішінде ол «Көңілім көктем», «Шуақты күндер» атты өлеңдер жинағын өмірге келтіріп, өзін халқына ақындық қырынан көрсетті.

Жылуы бар сөздің адамы бірден өзін тартып алатын күдігері бар емес пе? «Шуақты күндер» атты кітаптың бірінші бетінен:

– Оқушым өздеріңнен өтінерім, Тап-таза сендер үшін көкірегім. Елге еткен еңбегіңнің арқасында, Сүрінбей талай сыннан өтіп едім.

Еңбегім саған достар ұсынамын, Болғанмен көзге қораш іші қалың, Деп түсің қадірменді оқырмандар, Өзіме қықымындай ұшығаның, – деген өлең жолдары қандай тамаша айтылған десеніңіші!

Ағамыз өзін қайраткер ретінде елге танытқан, абыройын асқақтатқан, кеудесінде «Алтын Жұлдыз» таққан Сыр күршіні өмір бойы ерекше бағалап, құрмет тұтты. Бұл айтқандарымызды «Ақсу диқандаларына», «Осы биыл диқандалардан үмітті ел», «Аянбаңдар жігіттер» және басқа өлеңдерінен аңғаруға болады.

Ауылын, туған жерін, табиғатын жырламаған ақын кемде-кем. Бұл жағынан алып қарағанда да ағамыздың оқырманды селт еткізер жыр шумақтары баршылық. Мәселен мына өлең жолдарын оқып көріңізші:

– Ауылға сағынышпен аңсап келем, Ойымда болмай бөтен мансап деген. Азайып аға-жеңге аймалайтын, Қалыпты-ау санарлықтай саусақпенен.

Бір сөзбен айтқанда, оның өлеңдері сұлулық пен сыршылдықтан, өршілдік пен тапқырлықтан, парасат пен мәнділіктен кенде емес. Оның өлеңдері кешегіні, бүгінгіні, ертеңгіні сөз етеді. Бізге керектің өзі де осы емес пе?!

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

БАҒДАР

Кәсіпкерлер біліктілігін көтерді

Қызылордада 12 қыз-келіншек «Мен кәсіпкер» жобасының «Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы» бағыты аясында біліктілігін көтеруде. Жобаны облыстық кәсіпкерлер палатасы жүзеге асырып жатыр.

Алдымен мамандар кеңес беріп, олардың қажеттіліктерін анықтады. Жобаға қатысушы қыз-келіншектердің сұранысына сәйкес маусымнан бастап арнайы бекітілген нақты салалар бойынша жұмыс жүргізілуде.

– Жыл соңына дейін жүргізілетін оқытуда біз кәсіпкер кездесетін салалардың басым бөлігін қамтуға тырыстық. Атап айтқанда, кәсіпті жүргізуге психологиялық дайындықтан бастап,

қаржы сауаттылығы, маркетинг, сөйлеу шеберлігі, бухгалтерлік есеп, серіктеспен, мамандармен, кәсіпкерлік саласындағы заңнамалармен жұмыс жүргізуді үйретеміз, – дейді жобаның менторы Наталья Мишукова.

Кезекті кездесуде «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігінің облыстық филиал басшысы Ләззат Бақтыбаева кәсіпін енді бастап жатқан қыз-келіншектерді кәсіпкерлік саласын

реттейтін нормативтік-құқықтық актілермен, заңдармен таныстырып шықты. Бизнесті жүргізгенде кәсіпкер тұтынушылары мен өзге де ұйымдардың алдындағы міндеттерімен бірге өзінің құқық жағы білуі тиіс. Заңды білмеген жауапкершіліктен құтқармайтынын ескерте келе, кәсіпкерлік саласындағы маңызды нормативтік құжаттарды талдап, түсіндіріп берді.

Жобаға қатысушы қыз-келіншектер ментормен жұмыстың нәтижесінде көсіпінде алғашқы нәтижелерге де қол жеткізе бастады. Олар сауда орындарымен келісіп, өнімдерін қоюға мүмкіндік алуда.

«СБ» ақпарат



Судың табиғаттағы және адамзат өміріндегі ролін дана халқымыз «Су – тіршілік көзі» деп бір ауыз сөзбен түйіндегені де, «От пен су – тілсіз жау» деп сактандырғаны да рас. Бүгінгі айналымда болып жатқан оқиғалар осыны растап отыр.

Салыстырмалы түрде азғана уақыттың ішінде қазақстандық Арал өңірінде 250 мың гектар жер инженерлік жүйеге келтіріліп, күріш өндірісі дамып, еліміздің осы дақылға деген сұранысын толық қамтамасыз етуге қол жеткізілді. Бүгінгі күні ауылдық елді мекендердің басым көпшілігі күріш суару жүйесі арқасында пайда болып, мал шаруашылығы экономикалық тұрғыдан күріш өндірісіне тікелей тәуелді болғанын аға бұрын өкілдері жақсы біледі. Күріш суару жүйесінің бір ерекшелігі, осыншама алқап бірде-бір насоссыз өздігінен суару қабілетінде болуы сол кездегі жобалаушы, салушы мамандар сапасын айшықтайды. Ауыспалы егістің екінші дақылы – жоңышқаның малазықтық ролімен қатар, топырақ құнарлығын сақтаудағы да маңызды жоғары болды.

Күріш суару жүйесіндегі жайқалған құрақ шөп сол кездегі ауыл тұрғындарының қорадағы малына азық болғанын, оны дайындауға мектеп жасындағы балаларға дейін қатысқанын әлі ұмыта қойған жоқпыз, яғни балаларды еңбекке баулу, тәрбиелеу секілді маңызды мәселелер де шешілгені рас.

Кезінде Сырдария және Әмудария өзендерінің суы бір орталықтан (Мәскеу) басқарылуына байланысты облыста күріштің 135 мың гектарға дейін егілгенін білеміз. Дегенмен, мақта, күріш, тағы да басқа дақылдардың егіс көлемінің өсуі, ғылыми нәтижелердің (жана сорттар, агротехнология, т.б.) өндіріске енеуі және су үнемдеу технологияларын пайдаланудың салдары сексенінші жылдардан бастап Арал теңізінің тартылуына, аяғы бүгінгі жағдайға әкелді.

Әрине, сол кезеңде Аралды сақтау жөнінде ештеңе істелмеді деуге болмас. Одақ көлемінде Солтүстік өзендер бассейндерінің су қорын Арал теңізіне әкелу жөнінде үлкен-үлкен жобалар жасалып, каналдар трассасы анықталып, жұмыстық сызбалары дайындалған-ды. Қазалы ауданында су шаруашылығының майталманы

Бүгінгі күні Қазақстан тарапынан жүргізілген жобалардың нәтижесінде Кіші Арал сақталып, сонау 90-жылдары жойылып кеткен балық шаруашылығы қайта жанданып, балықты экспортқа шығаруға қол жетті. Арал өңірінің экологиясы да тұрақтала бастады. Дегенмен өлемде қалыптасып отырған жаһандық климат өзгерісі біздің өңірде де айқын сезілуде.

Самұрат Иманосов басқарған ПМК-86 мекемесі (кейіннен «Қазалыводстрой» тресіне айналды) Аманоткелден төмендегі Ханарықтан Арал теңізіне Үшшоқының тұсына 90-жылдары канал қазуды бастап кеткені де есімізде.

Осы каналды қазу үшін Ресейдегі Волгоград мелиорация бірлестігінен қадымдағы экскаватор әкелу мақсатында келіссөз жүргізуге аймағымыздың мелиорация-сынақ дамуына ерекше үлес қосқан В.Морозов, Ә.Мақұлбек-овпен бірге жас, алғыр, білікті маман Б.Көшербаев та барды. Ол «Неге қадымдағы экскаваторды әкелу керек болды десек, жобаланған каналдың бас жағы миллиондаған жылдар бойы судың астында қалыптасқан топырақ қыртыстары тасқа айналған қатты қабат еді. Беткейлерінің еңістігі кей жерлерде $m = 3,5,0$ дейін болуына байланысты канал бетінің ені жердің бедеріне байланысты кей жерлерде 160-180 метрге дейін жетті. Кәдімгі қолданыстағы скрепер, трактор, экскаваторлармен қазу үлкен қиындық тудыруы себепті Саратов қаласынан жарылғыш заттармен жұмыс істейтін мамандарды алдырып, ақылдасқанбыз. Топырақ қабатының қаттылығы сондай, әдеттегі жер тегістеу жұмыстарында қолданылған кезде скреперлердің пышағы 10-15 жыл ауыстырмай жұмыс істесе, канал трассасында 5-6 күнде мүжіліп, қайта-қайта ауыстыруға тура келді. Біздің мамандар түрлі қосымша әдістерді қолданып, сол кездегі қатты ХТЗ-300 маркалы тракторлармен трассаны алдын ала қосыту арқылы скреперлерге жол ашқанбыз.

Енді адымдағы экскаватор туралы мәліметтерді де айттайын. Экскаватордың салмағы 800 тоннадан асады, қауашының сыйымдылығы 50 м³, ал электродвигательінің салмағы 40 тонна, кабельдерінің жуандығы 30-40 см дейін болды. Кабинасы үш бөлмелі пәтермен бірдей болды десем, артық айтқандық емес, экипажы 3-4 адамнан тұрды.

ТІРШІЛІК НӘРІ



СУ – ӨҢІРДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

Осы экскаваторды жеткізудің, монтаждаудың өзі бір хикаяға материал болады. Бір бөліктері теміржолмен, қалғаны автокөліктермен жеткізілді. Ол кезде бүгінгідей қуатты крандар жоқ, сондықтан 40 тонналық кранды Арменияның Ленинан қаласынан алдырып, 40 тонна электромоторын монтаждауды қосымша 25 тонна екі кранды қолдана отырып жасағанымызды айтсам, біреу сеніп, біреу сенбейтінін түсінемін.

Бір өттеген-айы, сол кезде осы жұмыстардың бәрін фильмге түсіріп алғанда дұрыс болатын еді. Кейіннен Одақ тарайды, басқа формация орнап, дүние бөлсеке түсіп, жүйенің быт-шығы шығып, аяғында гасырлар бойы шалқыған Арал теңізін жоғалтып» деп әңгімесін қорытындылаған.

дамуын қалыптастырып қана қоймай, қоршаған ортаның экологиялық тепе-теңдігін сақтап отырғанымыз да шындық.

Сонау 1960-жылдардан бастап инженерлік жүйеге келтірілген күріш суару жүйесінің конструкциялық ерекшеліктері негізінен күріш дақылын өсіруге арналып, каналдар желісі қажетті су көлемін өткізіп, егіс алабын сумен қамтамасыз етуге есептелген. Иә, суды аз тұтынатын әртарапандыру дақылдарын етуге болады, бірақ қандай да бір дақыл болмасын біздің аймақтың климаттық жағдайында суарусыз өспейтіні белгілі. Экономикалық тұрғыдан тиімділігі жоғары дақылдардың өндірістік көлемде егіп, өнім алу үшін де кемінде 7-10 рет суару қажет болатынын осы салаға өмірін арнаған шаруалар жақсы біледі. Сонда қолданыстағы суару жүйелерін пайдалана отырып, қаншалықты суды тиімді пайдаланамыз деген сұрақ туындайды.

Екінші мәселе, күріштің мелиоративтік әсері арқылы ғана топырақтың табиғи және екінші қайтара тұздану қаупі жағдайында басқа дақылдарды егіп, өнім алуға мүмкіншілік болып отырғанын ескеруіміз керек. Жалпы су жұмыс істеуі керек. Экономикалық жағынан тиімсіз болса, шаруашылықтар күрішпен айналыспайтыны белгілі, демек күріш дақылмен айналысу барлық жағынан тиімді екенін өмір дәлелдеп отыр.

Сонғы деректер көрсеткендей, аймағымызда төрт түлік мал басы өсіп отырғанын байқаймыз. Ауылдық елді мекен-

отыр. Сонымен қатар ғылыми тұрғыдан негізделген агротехнологиялардың кеңінен қолданылуы, тұқым өндірісінің жолға қойылуы, заманауи ауыл шаруашылық техникаларымен қамтамасыз етілгені, өңдеу-сату кластерінің жолға қойылуы, мемлекет тарапынан қолдаулар – бұл саланың өміршеңдігінің тікелей дәлелдері.

Аймақтағы 60-70 мың гектарға жуық жоңышқа дақылдың ерте көктемде бір-ақ рет суарылып, қалған уақытта күріш алқабының ызысымен өсетінін ескергеніміз жөн. Сонда күріштің суармалау нормасын айта беретін 30-38 мың м³-тан 20,0-24,0 мың м³ деңгейінде екені ғылыми зерттеулермен дәлелденген.

Дегенмен суды үнемдеу мәселесі күн тәртібінен түспейтіні белгілі. Мемлекет тарапынан САРАТС-1, ПУИД-1, ПУИД-2 жобаларының орындалуы, үрмелі плотиналардың салынуы, 2022-2023 жылдары 133 дана электрлік және дизельді насостардың алынуы – тек қана «Сырдария» бассейніндегі су ресурстарын басқаруды, пайдалануды реттеудегі Қазақстан тарапынан орындалған шаралар.

Шаруашылықтар тарапынан да суды тиімді пайдалану бағытында үлкен іс-шаралардың атқарылып жатқанын білеміз. Көптеген шаруашылықтар қуатты экскаваторлар, скреперлер, лазерлік жер тегістеушітер, насостар алып, суды тиімді пайдалану арқылы гектар шығымдылығын арттыруға қол жеткізуде. Бүгінгі күні 1 тонна күрішті өндіруге 10-12 мың

Кейінгі жылдардағы су тапшылығы, қуаңшылық жағдайында табиғи шабындықтар мен жайылымдардың күйіп кетуі суармалы егістікте малазықтық дақылдарды өсіру мен күріштен мол өнім жинаудың өзектілігін еселеп арттыруда. Күріш дақылын өңдеу барысында пайда болатын өнімдерді малазықтық құнарлы жемді дайындауға пайдалану күріш өндірісінің экономикалық тиімділігін арттырып, сапалы ет, сүт өнімдерін алуға әсерін тигізіп отыр. Сонымен қатар ғылыми тұрғыдан негізделген агротехнологиялардың кеңінен қолданылуы, тұқым өндірісінің жолға қойылуы, заманауи ауылшаруашылық техникаларымен қамтамасыз етілгені, өңдеу-сату кластерінің жолға қойылуы, мемлекет тарапынан қолдаулар – бұл саланың өміршеңдігінің тікелей дәлелдері.

дерді айтпағанда, аудан орталықтары мен Қызылорда қаласында малмен айналысып отырғандардың саны көбейуде. Бұл – әрине, қунарлық жағдай. Ет бағасының 2000-2200 теңге деңгейінде тұруы да осыдан.

Мал шаруашылығы қарқынды дамуы үшін құнарлы жем-шөптен қамтылу маңызды екені айқын. Міне, осы мәселені шешуде күріш өндірісінің маңызы айрықша екенін көріп-біліп жүрміз. Күріш ауыспалы егісіндегі екінші дақыл – жоңышқаны өндіруге күрішшілер үлкен табыстарға жетуде.

Кейінгі жылдардағы су тапшылығы, қуаңшылық жағдайында табиғи шабындықтар мен жайылымдардың күйіп кетуі суармалы егістікте малазықтық дақылдарды өсіру мен күріштен мол өнім жинаудың өзектілігін еселеп арттыруда. Күріш дақылын өңдеу барысында пайда болатын өнімдерді малазықтық құнарлы жемді дайындауға пайдалану күріш өндірісінің экономикалық тиімділігін арттырып, сапалы ет, сүт өнімдерін алуға әсерін тигізіп

тонна су жұмсамай, әлемнің су пайдаланудағы озық елдерінің қатарына жетіп, 4-5 мың тонна су жұмсап отыр.

«Ер-Әлі» ШҚ тәжірибесі бүгінгі күні суды тиімді пайдаланудың озық үлгілерін көрсетті. Жерді тегістеу, ауыспалы егісті сақтау, әртарапандыру дақылдарын ету, сорт алмастыру, сапалы тұқымды пайдалану, суару режиміне қатаң бақылау жасау, агротехнологиялық шараларды уақытылы, сапалы орындау, коллекторлы-көріз суларын қайта пайдалану, егужинаудың оптималды уақыттарын сақтау арқылы күріштен 100 центнерге дейін өнім жинап жүргені жасырын емес. Шаруашылығындағы мамандарға ғана емес, бүкіл ауылға әлеуметтік экономикалық бағыттағы қолдаулары да – нағыз іскерлік пен адамгершіліктің көрінісі. Жоңышқа егістігінің көз қызықтыратындай жайқала өсуі, үш орымды көміл жинап, оның тұқымын өндіруге қол жеткізуі, шөп түрінде облыс көлеміне сатуы ауыл жастарының табыс табуына, салық базасының өсуі-

нәтижесінде аз өнім жинап, су көп шығындап, жылда елді даудамайға ұрындырып, тұрақтылыққа теріс әсерін тигізуде. Осы мәселені түбегейлі шешу үшін суды тұтынушылар ассоциациясын құру керек. Оның құрамына ауыл шаруашылығы басқармасы, жер комитеті мен су шаруашылығы мекемесінің өкілдерін, ауыл әкімдері, ғалымдарды қосып, жер-су ресурстарын тиімді пайдалануға қол жеткізуге және суды пайдаланудағы келенсіз іс-әрекеттерге тосқауыл қоюға болады.

Ендігі кезекте осы салаға мамандар даярлау және қайта даярлау жөнінде ой бөліскенді жөн санадым. Су мамандарын даярлау республика бойынша 5-6 жоғары оқу орнында жүзеге асады. Кейбір ЖОО-ның материалдық-техникалық базасы толықтай сәйкес келмесе де, осы сала бойынша бакалаврларды дайындап отыр. Жүргізілген реформалар нәтижесінде оқыту бағдарламаларынан көптеген инженерлік бейіндегі пәндер алынып тасталған. Сондықтан бұрынғыдай кең профильді инженер-гидротехник мамандарды даярлауға мүмкіншілік жоқ. Осылайша сұранысқа лайық, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау мүмкіншілігі төмендеп кетті.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде өміріміз үшін осы салаға мамандарды даярлау көп жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі күнгі облыстың су шаруашылығы саласы қызметкерлерінің 90%-дан астамы университет түлектері десек, шындықтан алыстамаймыз. Бірінші проблема осы мамандық бойынша студенттер контингентін қалыптастыру болып отыр. Себебі ережелерге сәйкес талапкерлерде бірнеше мамандық таңдау мүмкіндігі бар. Көп жағдайда бірінші мамандықтарына өте алмай, осы мамандыққа грантпен оқуға түсуіне байланысты 60-70% студенттер құрамын қыздар құрайды. Келешекте олардың шаруашылықтарда немесе уәсәкелерде гидротехник болып жұмыс істеуі екіталай.

Қызылорда қаласының Құрметті азаматы, профессор, техника ғылымдарының докторы Серікбай Қошқаров осы жағдайды шешудің бір жолы ретінде «суармалы егіншілікпен айналысатын әрбір шаруашылық өз қаражаты есебінен кемінде бір маманды оқытуға керек» деген ұсынысын айтып жүр. Кәсіби маман атанған өз азаматтарының ертең елге келіп, шаруашылыққа тұтқа болып жатса, барлығымыз ұтамыз.

Мамандарды тұрақтандыру бағытында игі істер жасаған шаруашылық басшыларының жұмыстарын жақсы білеміз және әрдайым үлгі ретінде айтып жүрміз. Негізінен бұндай стратегиялық бағыттағы мамандарды даярлау мемлекет тарапынан жүргізілуі тиіс. Университеттердің дербестігі жағдайында барлығын бірдей Болон процесімен дайындаудың қажеті жоқ.

Еліміздің су қауіпсіздігі алдағы уақытта бүгінгіден де өткірлене түсетінін трансшекаралық өзендер жағдайы, жаһандық климат өзгерісі, қалыптасып отырған геосаяси жағдайлар, азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері айқындап отыр.

«Бәрін де мамандар шешеді» деген қанатты сөз өз маңызын ешқашан жоймайтыны анық. Сондықтан сапалы мамандарды даярлау ұлттық деңгейдегі мемлекеттік мәселе болып қала береді.

Қызылорда қаласына іссапармен келген ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекпен болған кездесуде Қорқыт ата университетіне «Су ресурстары және суды пайдалану» білім беру бағдарламасы бойынша арнайы грант бөлу жөнінде ұсыныс жасағанмын. Міне, сол қабылданып, биылғы оқу жылына 20 грант бөлінді. Үдесіне берік министрге Сыр өңірінің су шаруашылығы қызметкерлері атынан рахметімдізді айта отырып, «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» тұжырымдамасын жүзеге асыруда толағай табыстар тілейміз.

Қорыта келе, қазақстандық Арал өңірінің экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, шаруашылық мәселелерін шешудегі су ресурстарын тиімді пайдаланудың аса зор маңызын және Кіші Арал теңізі, көлдер жүйесін сақтау арқылы балық шаруашылығын дамыту мүмкіндіктерін ескере отырып, аймақтың су шаруашылығын дамытудың кешенді бағдарламасы қабылдап, тез арада оны жүзеге асырудың жол картасын жасау қажет деп санаймын.

**Серікбай ӨМІРЗАҚОВ,
«Сыр мұрабы» ҚБ
төрағасы, техника
ғылымдарының докторы, ҚР
АШҒА академигі**

ПОДКАСТТЫҢ ТИІМДІ ТҰСЫ

Халық қолданысына заманауи, ұғымы да түрлі термин сөздер келіп қосылуда. Соның бірі – подкаст. Бұл – қазақы санаға әлі толық сіңе қоймаған термин. Оның шығу тарихы жайлы әртүрлі пікір айтылуда. Бүгін соған аз-көм тоқталып өтпекпіз.

Нақты кезеңде осы «подкаст» деген сөзді қазақстандық қолданушылар жиі айтатын болып жүр. Танымал подкаст тыңдау жүйелерінде де түрлі тақырыптағы қазақша контент кездесіп қалады. Біз еліміз бойынша алғаш подкастинг орталығын ашқан Елдар Құдайбергеновтің пікірін білген болатынбыз.

– Подкаст идеясы 2000-жылдардың басында пайда болды. Бұл технологияны қолданушылар 2001 жылы тәжікпен көрген болатын. Жалпы, подкаст деген – жанр емес, технология. 2004 жылы The Guardian журналистері подкаст туралы жазып, бұл технологияны қалай атау керек екені туралы мәселе қозғайды. «Интернеттегі аудиоблогинге жата ма әлде басқаша атау керек пе?» деген мәселе сөз болып, ақыры «подкастинг» деген атау қолданылды. Себебі бұл технологияны жасауда iPod сияқты гаджеттер пайдаланылатын. Уақыт өте келе жеке қолданушылар мен бұқаралық ақпарат құралдары подкастың не екенін дұрыс түсініп, ыңғайлы, пайдалы дүние түрінде қолдана бастады. Осы тенденция технологияның танымал болып кетуіне ықпал етті. Мәселен, ресейлік медиа «Meduza»

подкаст жүргізді. Осының арқасында технология орыстілді ақпарат кеңістігінде сұранысқа ие болды. Тура осындай жағдай әлемнің дамыған елдерінде де қалыптасты, – дейді маман.

Кейінгі жылдары елімізде подкаст тыңдау танымал болып келе жатыр. Бірақ біздегі көрсеткішті дүниежүзімен салыстыруға келмейді. Себебі, подкастинг – Қазақстанда енді ғана дамып келе жатқан технология. Қазір отандық подкасттардың танылуына әлеуметтік желі зор ықпал етеді. Өйткені қолданушылар көп жағдайда қандай да бір подкастпен өзі оқытын парақшалар арқылы танысып, тыңдап жатады. Әрине, әлеуметтік желіде танымал болмаса да, басқадай маркетинг жолдарымен тыңдарманын көбейтіп жүрген подкастерлер да бар.

Подкастың ең ыңғайлы тұсы – оны басқа жұмыспен айналысып отырып та тыңдауға болатыны. Пайдалы болып тұрғаны да осы уақыт үнемдеуге мүмкіндік беретінінде. Уақыты бос кетпемей, жаяу жүргенде, спортпен айналысқанда, тамақ істегенде, тіпті автокөлікпен сапарға шыққанда да тыңдауға ыңғайлы.

Бұл тұста мақсатты айқындау да өте маңызды. Қолданушы «осы жасаған дүнием көп адамға танылас, аудитория жинасам» деген ниетте болса, бір бөлек. Ал «адамдарға шынымен пайдалы болатын дүние жасап шықсам» деген ой мүлдем басқа. Көздегеніңіз тыңдарман жинау болса, хайп болатын тақырыпты қозғауға болатыны да айтылып жатады.

А.АЙТБАЕВА.
Қызылорда қаласы



Адам түрлі жағдаймен жолаушылап жолға шығады, ерікті, еріксіз, саяхаттап не мәжбүрлі түрде. Бұрынғылардан қалған сөз бар «пенде үйінен қырық қадам алыстаса мүсәпір» деген. «Мусафир» филология ғылымының анықтауынша, қазақ жеріне ислам дінінің келуімен бірге еніп кеткен он алты мың араб сөзінің бірі, аудармасы – жолаушы.

Ертеректе ел-жұрт әлі инфрақұрылым, коммуникациялық жүйе дегеннен жұрдай, кебісін сүйретіп, белін буып, түйіншегін арқалап жолға шығатын кезде қолданылған мүсәпір сөзі бұл атауға толық сәйкес келетін. Ал қазір олай айту артықтау болатын сияқты. Өйткені жол жүрем десең көліктің, жер жүзінен хабар алам десең байланыстың барлық түрі қолжетімді. Қарның ашса қалаған жерден, қалаған тамағыңды дайындап бере қояды. Көрсетілетін қызмет қалтаның қалың-жұқалығына тікелей байланысты. Қандай жағдаймен жолға шықсаң да, ойға алған мақсатың орындалып жатса көңілің көтеріледі, еңсенді езіп ұйымға салған шаруаң шешіліп жатса қанаттанып қайтасың. Тіпті олай болмаған күннің өзінде ұққан адам ұтылым деп есептемейді, сан алуан адамдармен кездесесің, сөйлесіп пікір алысасың, жақсыны, жаманды көресің, үйренесің, жиренесің, қысқасы, көкірек сарайың кеңиді.

2005 жылы денсаулық жағдайымен Алматы қаласына жолға шықтым. Түн ортасы ауа мінгесін орныма жайғасып демалуға кірістім. Кештеу жатқасын кештеу оянамын, көршілерім таңғы шайды орталап қалыпты. Амандасып болып жуынып-шайынып алғасын көршілерімнің қолқалауымен шайға отырдым. Қысқаша ғана аты-жөнімді, жол сапарымыз турғысында танысып-білістік. Екеуі менің ізімді қуып жүрген, сәл бізділігі бар Оралдан Жамбылға бара жатқан ерлі-зайыптылар да, үшіншісі – сөзге сарандау, шамамен сексеннің айналғасындағы, қуатты екені көз жанарынан да, дене бітімінен де байқалып тұрған ақтөбелік қарт кісі. Ақсақал Қызылордаға жақындалғаннан бастап терезеден басқа жаққа мойын бұрмай, көзі жасаурап, мүлде үнсіз



отырды. Сыртта қалып жатқан шағын ауылдарға, жазық далаға, жалпы осы аймаққа байланысты бір тебіреніс, толқыныс бар сияқты. Ол кісінің көңіл күйіне қарап біз де ақырындап саябыр таптық. Қызылордада жиырма минуттай аялдап жүріп кеткесін, арада бір сағаттай уақыт өткенде алыстан мұнартып қарауытқан көлемділеу ауылды нұсқап, терезеге тесіле қарап отырған ақсақал шешіле сөйлеп көзі берді: – Ано-оу көз ұшындағы ауылды көрдіңдер ме? 1927 жылы Қызылорда деген сол ауылда дүние есігін ашыппын. Ауыл шетіндегі көпшілік қорымда әкем, анам, үш бауырым жатыр. Жол түсіп осылай өткен кеткенде білетін дұғамды бағыштап тұрамын, араға жылдар салсам да, арнайылап зиярат етемін.

Қайран әкем, Бұқарадан діни білім алған, аймаққа белгілі, өте сауатты кісі еді. Жақын маңайда дәл менің әкемдей білімді адам болған жоқ және діни рәсімдерді орындағаны үшін соқыр тиын сұрамайтын.

Оңсыз да мал шаруашылығымен айналысатын отбасымыздың тұрмыс-тіршілігі жаман болған жоқ. Ел іші аш-жалаңашқа толған ашаршылық нәубетінде де әке-шешемнің еңбекқорлығы, ысырпақ

жұмсап жіберді де әкеме қарап: «Соңғы рет айтамын, балаларыңды аяңыз, обалына қалмаңыз, ауыл адамдарынан түсінік алуды желеу етіп тергеу уақытын созып отырмын. Сіз мылтық ұңғысының қарауылында тұрсыз. Құдай атымен маған уәде беріңіз, бұл сіздің соңғы мүмкіндігіңіз» деді сыбырға жақын үнмен. Әкем көп қиналды, боздап отырған бізге қарап жан дүниесімен алысып отырғанын аман да, бала болсақ та біз де айқын сезіндік. Ақыр соңында тергеушіге уәдесін берді.

Кейінірек, есімді білгесін сұрағанымда әкем өзінен жауап алған тергеушінің де өзге алыс өңірден аты-жөнін ауыстырып бой тасалап келген діни сауатты адам екенін, сондықтан да әкемінің халіне түсініктікпен қарап, бұдан әрі ешкімге ешқандай діни білімін үйретпеге, жасырып қалған діни кітаптарын жоюға уәде беруін аман қалудың жалғыз жолы ретінде нұсқағанын айтты. Шынында да одан кейін әкемінің жасырып намаз оқығаны болмаса, ешбір жанға діни дәріс бергенін көргенім жоқ. Тергеуден жасырып қалған толып жатқан кітаптарын да қайда жібергенін біле алмадық. Мүмкін балаларының дін жолына мойын бұрмайтынын сезген де шығар. Заманымың ыңғайымен соншалықты ынталы болмасам да, өмірлік ұстанымынан амалсыз бас тартуға мәжбүр болып өмірінің соңына дейін ұнжырғасы түсуден өткен әкемінің бір мезгіл көңіліне қараған болып маған аздап болса да үйретуін сұрағанымда, Құдай алдында тірі жанға үйретпеге уәде бергенін айттып бас тартты.

Өзім де, бауырларым да жоғары білім алдық, мемлекеттік қызметте болдық. Бірақ шынымы айтсам, өз басым өмірдің кешкі мезгілінде ең қажетті де қимас нәрседен құр қалғандай күй кешудемін.

Өмірдерегін бір деммен айттып шыққан ақсақал әңгімесін аяқтаймын дегенше көзден ғайып болып көрінбей қалып кеткен туған ауылы жаққа мойын бұрып әлденелерді күбірлеумен ұзақ отырып қалды.

Әлімжан ҚИЯС,
Қазалы ауданы,
Әйтеке бө кенті

Хабарландыру

«Group Construction 77» ЖШС Қызылорда облысы Сырдария ауданындағы «Грунтовой резерв №1» кен орнында құм-қыршық тас қоспасы мен құмды (топырақты) өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына экологиялық рұқсат алу үшін экологиялық құжаттама материалдары (КОКБ, ЖБШН, ҚББ, ӨЭБ, ҚОЖЖ) бойынша ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2023 жылғы 28 тамызда сағат 15:00-де мына мекен-жайда өтеді: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Бесарық ауылы, Мұхтар Әуезов көшесі 26, Бесарық ауылының Мәдениет үйі. Қатысушыларды тіркеу жеке басын қуәландыратын құжатты көрсеткен кезде енгізіледі. Zoom-да онлайн қосылу үшін келесі сілтемеден өту керек: <https://us05web.zoom.us/j/86774445502?pwd=dkg4em-5vTXNUMWgyR2E9pZz09>. Идентификатор: 867 7444 5502. Күпия сөз: 3dwRVM.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Group Construction 77» ЖШС, БСН 210940024578, Шымкент қ., Қаратау ауданы, Тұлпар шағын ауданы, 36 Б, тел.: 8-705-538-8076, директоры Амандық И. М.

Әзірлеуші: «ЗапКазРесурс» ЖШС, Ақтөбе қ., Бөкенбай батыр к-сі, 155/7 үй, 40 оф., БСН: 160140001885, тел.: 8 (705) 538 80 76, e-mail: zapkazresurs@mail.ru, директоры Мамынжанов М. С.

Жоба бойынша құжаттама БЭП-да <https://ecportal.kz> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru>. «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған. Қосымша ақпарат: 8 (705) 5388076, zapkazresurs@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдайтын ЖАО – «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекен-жайлар бойынша: ar.zhol-dasbekova@korda.gov.kz Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 1.

Хабарландыру

«Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ 2023 жылғы 25 тамызда «Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері» жобасы бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізуді жоспарлап отыр.

Қоғамдық тыңдаулар мына мекен-жайда өтеді: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 1, акт зал. Уақыты: 11 сағат: 00 мин.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар мынадай сілтеме бойынша онлайн-режимде өткізіледі: Конференцияға қосылу: Zoom конференциясына қосылыңыз <https://us05web.zoom.us/j/88375469500?pwd=YWVks0xvaE9QM0hEODFTd0RlVld0Zz09> Конференция идентификаторы: 883 7546 9500

Кіру коды: 8zZ5V2

Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, БСН 050140001703, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 1.

Байланыс тұлғасы: Досмаилов Т, Айсаутов А, тел.: 8 (7242) 60-53-66, a.aisautov@korda.gov.kz, t.dosmailov@korda.gov.kz.

Құжаттама әзірлеуші: «ЕСО BISS» ЖШС, Астана қ., Бөгенбай батыр даңғылы, 56, ВП-30, ҚК.2. Тел.: 8 701 797 3833, eco_biss@mail.ru. байланыс тұлғасы: Мұхамеджанова А.

Жобалық құжаттама пакетімен біріңғай экологиялық порталда танысуға болады: <https://ecportal.kz/v> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Жобаларға қатысты қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: a.aisautov@korda.gov.kz, t.dosmailov@korda.gov.kz. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар біріңғай экологиялық порталда, сондай-ақ Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, эл. мекенжайы бойынша «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-де қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады, эл. мекен жайы Prd@korda.gov.kz, тел.: 60-53-62.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА!

«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мүліктерін кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру бойынша ашық тендер өтетіні туралы хабарлайды. Ашық тендер 2023 жылғы 31 шілдеде Қызылорда қаласының ашық тендер сағат 16.00-де Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, 4 А мекен-жайындағы «Сыр медиа» ЖШС әкімшілік ғимаратының 2-қабат, №201 бас директорының бірінші орынбасарының кабинетінде өтеді.

Кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға берілетін мүліктең баланстық құны – 328 011 736,66 теңге. Кепілдік жарна мөлшері 3% – 9 840 352,1 теңге.

Кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру кезінде сыйақының шекті мөлшері таза пайданың 50% болып табылады. Ең төмен сыйақы мөлшерін ұсынған қатысушы тендер жеңімпазы болып танылады.

Кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға берілетін мүліктер тізімін, тендердің шарттарын, тендерлік қатысушыға қойылатын талаптарды, тендерді өткізу тәртібін, тендерге қатысуға өтінімі нысанын және өзге де ақпараттарды syg-media.kz сайтының хабарлама бөлігіндегі сілтеме арқылы немесе Қызылорда қаласы, Бейбарыс

Сұлтан көшесі, 4 А мекен-жайындағы «Сыр медиа» ЖШС әкімшілік ғимаратының №318 кабинетінен алуға болады.

Кепілдік жарна «Сыр медиа» ЖШС шотына енгізіледі: БСН 100740005115, ЖСК KZ2406017201000001443, БСК HSBKZKX, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (банк қызметтері үшін төлемдер кепілдік жарнаның мөлшеріне кірмейді).

Құжаттарды қабылдау ағымдағы жылдың 15 шілде – 31 шілде сағат 15.00-ге дейін, күнделікті сағат 9:00 – 18:30 дейін демалысыз, үзіліссіз Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А индекс: 120018, «Сыр медиа» ЖШС әкімшілік ғимаратының №318 кабинетінде жүргізіледі.

Қатысушылар, бұқаралық ақпарат құралдары және олардың өкілдері өтінімдер бойынша тендерлік құжаттар салынған конверттердің ашылуына қатыса алады. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің тендер комиссиясының отырысына қатысуға арналған сенімхаттары болуы тиіс.

Тендер өткізу туралы қосымша ақпаратты мына байланыс нөмірі арқылы алуға болады (87242) 40-11-10 (ішкі 1051) ұялы байланыс нөмірі +77782346786, электронды пошта: syg_media@bk.ru

Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті 2023 жылғы 13 шілдедегі №26-НҚ бұйрығымен «КСМ КЗ-2022» ЖШС-нің жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру қызметіне 2023 жылдың 1 тамызынан бастап қолданысқа енгізілетін тарифі 1 вагон/км-ге ҚКС-сыз 1129 теңге 49 тиын болып бекітілгенін хабарлаймыз.

Жарамсыз деп есептелсін

Абибуллаев Ақтан Бауыржанұлының атына ҚР ІІМ Қызылорда облысының Полиция департаментінен берілген КЗ №17006 (серия №005301) қызметтік құралы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Қызылордские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басшыларына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ұжымы және облыстық медицина қызметкерлері ардагерлер кеңесі медицина саласының қызметкері, білікті дәрігер Абдусаметов Жақсылық Әбілқасымұлына қызы Әсел Жақсылыққызының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ӨНЕР



Жастарға үміт отын жаққан ұя

Театрға барғанда қойылымды тамашалап, рухани байып шығамыз. Ой саларлық көркем дүние көпке дейін естен шықпай, айтып жүреміз. Алайда оның қаншама еңбекпен дүниеге келгенін, сахнаға дейін маңдай терін төккен сан түрлі мамандық иелерінің бейнетін сезіне бермейміз. Әр спектакльдің сәтті шығып, көрермен жүрегіне жол табуы үшін ұжым біріккендей жұмыла еңбек етеді. Ал қойылым дайын болғанда билет сату, жарнама жасау деген бейнеті шашетектен асатын жұмыс тағы бар. Бір спектакльді қоюға атсалысатын суретші, жарық пен дыбыс берушілер, сондай-ақ, мәдени ұйымдастырушының еңбегін білеміз бе?

Жанат Жаңбырбайқызының Жастар театрында мәдени ұйымдастырушы болып қызмет істегеніне алты жылдан асыпты. Ұжым 2016 жылы әуелі үйірме болып ашылды. 16-25 жас аралығындағы талапты жастарды жиып, вокал мен театр өнеріне баулыған О.Нұрмахановтың «Алғашқы махаббат» қойылымын ешқандай қаражатсыз сахналағанын ұмыта қойған жоқпыз. Араға жыл салып режиссер-сценаристің бастамасын сол кездегі қала басшысы қолдады. Міне, Жастар театры осылай құрылып еді. «Штат бөлестінін естігенде қатты қуандық. Шақырту алғанымда жауапты да өте күрделі жұмыс екенін білсем де келістім. Өйткені, өмір көріністерін драмалық әрекеттер арқылы көз алдыға алып келетін театр өнері жасымынан жаным жақын болды. Жұрт білер-білмес, сахнаның сыртында жұмыс көп» дейді мәдени ұйымдастырушы.

Жастар театры құрылғалы «Алғашқы махаббат», «Қыз қасқыр», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Отырардың жасыны», «Неге?», «Ұлардың дауысы», «Екі бала – екі шал», «Олимптің күйреуі», «Қызылорданың қыздары» атты спектакльдерді сахналап, көрермен ықыласына бөленді.

Жанат өнерге кездейсоқ келген жоқ. Әкесі Жаңбырбай талантты адамдармен тығыз байланыста болған, ал анасы Айжамалдың өлең шығаратын қасиеті бар. Оның ән айтуға және поэзияға деген ықыласы бала күнінде ойяған. Дайындықты әркез көрермен ретінде тамашалайтын Жанат кейде концерт жүргізеді, қажет болса ән айтып, актер ретінде пролог оқиды. Бұл өнеріне ұжымдағы әріптестері сүйсіне қарайды.

Қаладағы №23 мектепте оқып жүргенінде байқауға қатысқаны әлі есінде. Е.Әбдіхалықованың «Сыр елім!» атты патриоттық әнін орындап, бас жүлдеге ие болады. Елена демекші, кейіпкерімнің есімін сан қырлы өнерпаздың өзі қойыпты. Сондықтан болар, мінезі көпшіл, ашық-жарқын, нағыз өнер адамына тән қасиетке ие.

Кейін Елена сапармен келгенде Оңталап ағасы мұны ертіп апарып, «Өзің атын қойған баяғы қара қызың сенің өлеңіңнен бас жүлде алды», – деп таныстырған. Бұл сәтті Жанат ұмытқан емес.

– Кішкентайымнан өнер адамдарының тәлім-тәрбиесін көрдім. Әкемнің бала күнгі достары Бекұзақ Төнірбергенов, Рысбек Әшімов, ақын Оңталап Нұрмаханов біздің үйде жиі бас қосатын. Ондайда шағын театр турпасы көшіп келгендей әсерде боламын. Әкем Аралдан Қызылордаға ертеректе қоныс аударған. Сөйтсе де, сыйластықтары үзілмеді, – дейді кейіпкеріміз.

Бүгінде Жастар театры десе елең етпейтін жан жоқ. Өйткені, өрімдей талантты жастар көрерменін қалыптастырып үлгерді. Алғашқы қойылымнан-ақ қоғамда орын алып жатқан келенсіз оқиғаны ой елегінен өткізіп, көпшілік тарапынан сұранысқа ие болатын дүниені сахналап, сол арқылы көрерменге ой салады. Мұны театрдың артықшылығы десек те болатын шығар.

– Маған ең ұнағаны – «Қыз қасқыр» қойылымы. Онда қазақ қоғамындағы «көкек аналар» образы көрсетілді. Туған баласын көшедегі қоқысқа тастап кеткен тасбауыр аналарға ой саларлық көркем дүние. Әр қойылымның астарында үлкен тәрбиелік мән болады. Одан өміріме сабақ аламын, – деп ағынан жарылды ол.

Бір шаңырақтың келіні атанып, жас та болса театрдағы негізгі қызметін мүлтіксіз атқарып жүрген Жанатқа сәттілік тіледік.

Д.АЙБОЛАТҰЛЫ

АСЫЛ ҚАЗЫНА


Айтыс өнерінің айшықты белгісі

Архив саласының күнделікті жұмысы барысында, жеке тектік құжаттарды қабылдауда қайталанбас тарихтың құнды жәдігерлері, өткеннің естеліктері жинақталады. Жауаптылықты, қырағылықты талап ететін жұмысымызда адамның жандүниесіне үңіліп, толқынысқа толы күй кешетінімізді жасырмаймыз.

Облыстық мемлекеттік архивтің қоғамдық-саяси тарихы архиві филиалының «Қызылорда облысының суретшілері» жеке тектік қор коллекциясына бейнелеу өнерінің биік тұлғаларының құжаттары қабылданған.

Осындай жеке тектік иесі Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Қазақстан Театр қайраткерлері одағының мүшесі, «Еңлікгүл» сыйлығының иегері Серік Пірмахановтың құжаттарында қазіргі қазақ айтысының басты нышаны – «Қанатты домбыраның» авторлық құқықтық куәлігі сақтаулы.

1980 жылы 5 тамызда жасалған «Қанатты домбыраның» С.Пір-



хановқа тиесілі екенін дәлелдейтін ресми құжат 2011 жылы 4 қазанда берілген.

Шығу тарихына тоқталсақ, 1980 жылы Қызылорда қаласында Қазақ КСР құрылғанына және Қазақстан Компартиясының 60 жылдығына арналған облыстық ақындар айтысы өткізіледі. Ал осы айтысты сахналық көркемдеу жұмысы Н.Бекежанов

атындағы облыстық қазақ драма театрының бас суретшісі Серік Пірмахановқа тапсырылған еді. Сахнаға жаз қаңылтырдан жасалған «Қанатты домбыра» ілініп, түсірілім телеарнада көрсетіледі. Осыдан соң «Қанатты домбыра» телевизиялық айтыстың тұрақты эмблемасына айналған.

Фольклортанушы Берік Жүсіпов-

тің жазбасында «Қанатты домбыра» – жалғыз айтыстың ғана емес, тұтас қазақ өнерінің айшықты белгісіне айналған туынды. Осы еңбегі үшін ғана Серік Пірмахановқа ең жоғары атақ беруге болар еді. Жалғыз туындысымен-ақ тарих тақтасына атынды өшпестей етіп, ойып жазып қалдыруға болады. Сырдың сан түрлі бояуын сырлы әлемге айналдырып жүрген осындай суретші бар...» делінген.

С.Пірмаханов «Қылқалам шерткен жыр ғалам» кітабында «Бейнелеу өнерінде заттың сыртқы бейнесі, сұлбасының шебер орындалуы емес, күйі сезімге әсер ету керек» деп толғанысын жазған. Қазақтың киесі саналған домбыраға құс қанатын қондырғаны – күмбірлеген үні құстай самғасын, әлемді тыныштық пен бейбітшілікке, сүйіспеншілікке шақырсын дегені. Домбыраны қалың елдің толғауын жырлап тұратын символ ретінде сомдаған театр суретшісінің еңбегі осылайша айтыс өнерінің белгісіне айналған.

Дана ҚАЛТАЕВА,
облыстық мемлекеттік архивтің қоғамдық-саяси тарихы архиві филиалының бөлім басшысы

ТАНЫМ

ҚАЛАМ ҚҰДІРЕТІ

немесе айнаның көмегімен оқылатын кітап



Бүгінде әлемдегі ең қымбат кітап – атақты италян суретшісі әрі мүсіншісі Леонардо да Винчидің «Лестер кодексі» атты еңбегі. Бір қарағанда қатардағы кітап көрінгенімен шығарма түпнұсқасы таңғалдырмай қоймайды. Себебі, автор мазмұн ерекшелігімен қатар жазу үлгісін де даралауға тырысқан.

Алғашқы ерекшелігі мазмұнда жатыр. Кодекс ғылыми сипатта және математикалық дәлдікпен жазылуымен құнды. Мұнда автор табиғат құбылыстарына түсінік беріп, таным биігін көрсетуге көп ашыпты. Мысалы, ай сәулесінің түсуі, су қозғалысы секілді құбылыстар туралы толымды пікір айтылған.

Кітапта ғалымның өзге танымға ұмтылуы байқалады. Әсіресе, шығармада айдың сәуле шашу сыры, жер бетінде жаныс заттың пайда болуы, су-өзен арналарының ағысы секілді тақырыптар қамтылған. Кодекстің әрбір жаңа тарауында да Винчи әлем туралы тұжырымын дәлелдеуге арнаған. Ғалымның пікіріне сүйенсек, әлем біртұтас «тірі организм» екеніне көз жетеді. Ол осы ұғымды дәлелдеу үшін түрлі түсінікке жүгінеді. Мәселен, ауа дегеніміз – «жер шарының жаны», өзендер – «қан», жердің үсті – денесі деп көрсетуге тырысқан. Ол өзінің байқағандарын, ойға түйгендерін және логикалық тұжырымдарын жазып жүрді. Оларды суреттермен, схемалармен, математикалық есептеулер және сызбалармен бірге өрнектеуді де ұмытқан жоқ.

Аңызға айналған кітаптың басты ұстыны – айналық әріп. Екі жағы да толтырыла жазылған еңбек 18 парақ болды, ол 72 беттік кітапқа жинақталды. Ұлы ғалым «айналық хат» техникасын қолдануды ұнататын. Мұны өнертапқышытың өзі ойлап тапқаны айта кетейік. «Лестер кодексі» тек жарыққа шағылыстыру арқылы ғана оқуға болады. Кейін ғылым бұл жаңалықты – «Леонардо да Винчидің айналық хат» техникасы деп атап кетті.

Дайындаған
Д. АРЫСТАНБАЙ



Әрбір бесінші адам

БҰҰ-ның бес мамандандырылған мекемесі әзірлеген азық-түлік қауіпсіздігі бойынша жаңа баяндамаға сәйкес пандемия, экстермалды ауа райы және шиеленістер, соның ішінде Украинадағы соғыс салдарынан 2019 жылдан бері әлемде ашыққан адамдар саны 122 млн адамға артқан.

«Жаһандық пандемиядан кейін бәрін біркелкі қалпына келтіру мүмкін болмады, ал Украинадағы соғыс азық-түлік пен дұрыс тамақтануға кедергі келтірді. Климаттың өзгеруі, қаттығыстар және экономикалық тұрақсыздық салдарынан маргиналды топтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қиына түсіп жатыр. Біз әдеттегі жұмыс әдістерінен бас тартуымыз керек» деп атап өтті БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының бас директоры.

Баяндамада 2022 жылы 691 миллионнан 785 миллионға дейін адам ашыққаны айтылған. Бұл COVID-19 пандемиясы басталғанға дейінгі 2019 жылмен салыстырғанда 122 млн адамға көп. Ең қатты зардап шеккен аймақ – Африка, құрлықта әрбір бесінші адам аштыққа ұшырайды.

Әлемдік көшбасшы болады

COVID-19 пандемиясынан зардап шеккен Қытай кинонарығы 2023 жылы қарқын алып, 2025 жылға қарай әлемдік көшбасшы болады. 2027 жылы елдегі кинотеатрлардағы кассалық алым 13,2 миллиард АҚШ долларына жетуі мүмкін.

Сондай-ақ 2027 жылға қарай Қытайдың ойын-сауық индустриясы мен БАҚ-тың жалпы кірісі шамамен 479,9 миллиард АҚШ долларына жететіні есептелген. Ал интернет-жарнама нарығының көлемі 146,4 миллиард АҚШ долларына жетеді.

Қытай қазірдің өзінде әлемдегі ең ірі видеоойындар мен электронды спорт нарығына айналды. Бұл саланың кірісі 2027 жылы 115,5 миллиард АҚШ долларына жетеді.

Бағалы тас табылды

Қанар аралының жағалауына шығып қалған өлі кашалоттың ішінен құны 500 мың еуроға бағаланатын бағалы тас табылды.

Лас-Пальмас университеті Жануарлар денсаулығы және азық-түлік қауіпсіздігі институтының басшысы Антонио Фернандес Родригес сүтқоректінің өліміне не себеп болғанын анықтамақ болған. Кашалоттың ас қорыту жүйесінде проблема болуы мүмкін екендігіне күдіктенген ол оның ішінде қатты бір затты тұрып қалғанын анықтаған.

«Ішінен диаметрі 50-60 см, салмағы 9,5 келі болатын тасқа ұқсайтын зат алдым» деді ол. Ғалым тапқан зат қалқымалы алтын деп аталатын өте сирек кездесетін сұр амбра болып шықты. Құны шамамен 500 мың еуро тұрады.

Кит кальмарлар мен теңіз құрттарын өте көп жейді. Сүтқоректі олардың бәрін қорыта алмай құсып тастайды. Бірақ, біразы киттің асқазанында қалып, жылдар өте келе сұр амбраға айналады.

«СБ» ақпарат

www.facebook.com/syrboyi.kz/



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.